


PP-50BD PP-50

Пайдаланушы нұсқаулығы

M00033407KK



Авторлық құқық және сауда белгілері

Seiko Epson Corporation жазбаша рұқсатынсыз, бұл жарияланымның ешқандай бөлігін қайта шығаруға, іздеу жүйесінде сақтауға немесе қандай да бір түрде немесе қандай да жолмен: электрондық, механикалық, фотокөшіру немесе басқа жолмен жіберуге болмайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты пайдалануға қатысты ешқандай патентті міндеттеме қарастырылмаған. Осы кітапты дайындауда барлық сақтық шаралары қабылданғанымен, Seiko Epson Corporation компаниясы жіберілген қателер үшін жауапкершілік артпайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты қолданудан орын алған зақымдар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған.

Seiko Epson Corporation компаниясы да, оның бөлімшелері де жазатайым оқиға, дұрыс емес пайдалану, осы өнімді басқа мақсатта қолдану немесе тыйым салынған өзгерістерді енгізу, жөндеу жұмыстарын жасау, қайта құру немесе (АҚШ-ты қоспағанда) Seiko Epson Corporation компаниясының пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын қатаң қадағаламаған жағдайлардың нәтижесінде сатып алушылар не үшінші тараптан орын алған зақымдар, жоғалтулар, шығындар немесе шығыстар үшін осы өнімнің сатып алушысы немесе үшінші тараптар алдында жауапты болмайды.

Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалы Epson өнімдерін немесе Seiko Epson Corporation арқылы Epson мақұлдаған өнімдерден басқа кез келген опцияларды немесе қандай да бір тұтынылатын өнімдерді пайдаланудан орын алатын кез келген зақымдар немесе ақаулықтар үшін жауап бермейді.

EPSON — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі. Exceed Your Vision — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі. Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады және тек айқындау мақсатында пайдаланылады.

Microsoft, Windows, Windows Vista және Windows Server - АҚШ және/немесе басқа мемлекеттерде Microsoft Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Жалпы ескертпе: Осы құжатта берілген басқа өнім атаулары тек идентификациялық мақсатта пайдаланылады және сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы сол таңбалардағы қандай да бір және барлық құқықтардан бас тартады.

ХАБАРЛАНДЫРУ: Осы нұсқаулықтың мазмұнын алдын-ала ескертусіз өзгертуге болады.

©Seiko Epson Corporation 2010-2016. Барлық құқықтар сақталған.

Мазмұны

Авторлық құқық және сауда белгілері

Маңызды ескертпе және қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Маңызды ескертпе	7
Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	7
Өнімді орнату	7
Өнім орнын таңдау.	8
Өнімді пайдалану.	9
Сия картридждерін пайдалану	10
CD/DVD/BD дискілері үшін ескертпе	11
Осы өнімді пайдалану себебінен қандай да бір кездейсоқ жоғалтудың орын алуына қатысты	11
Пайдалану шектеуі туралы.	12
Назар аударыңыз!	12
Ескертулер, сақтандырулар және ескертпелер	13

Тарау 1 Жеке бағдарламалық жасақтаманы пайдалану

Жүйе талаптары	14
Өнімді пайдалану.	14
Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар	16
Working Folder және журналды орнату	17
Өнімді қосу	18
Тапсырманың аяқталуы туралы хабарландыру параметрі.	19
Қолданбаларды шолу	20
EPSON Total Disc Maker.	20
EPSON Total Disc Monitor	20
EPSON Total Disc Setup	20
Using EPSON Total Disc Maker.	21
EPSON Total Disc Monitor іске қосу	21
Онлайн анықтама арқылы ақпарат алу.	21
Принтер жетегін шолу.	22
Принтер драйверіне қол жеткізу.	22
Онлайн анықтама арқылы ақпарат алу.	23
Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою	24

Тарау 2 Дискілерді жариялау

Кіріспе	25
Қуатты қосу/өшіру	25
Жариялау режимдерін шолу	26
Жетек параметрлері (кері оқу режимінен басқалары үшін)	27
Жетек параметрлері (Кері оқу режимі үшін)	27
Принтер параметрлері	28
Дискке жазу және басып шығару бойынша хабарландыру	28
Дисктерді көшіру бойынша сақтақтық шаралар	31
Нарықта қолжетімді бағдарламалық жасақтама бумасымен дисктерде басып шығару	31
Штрих-код басып шығару бойынша хабарландыру	32
Стандартты режим	33
Дисктерді енгізу	33
EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу	35
Деректерді тіркеу	35
Затбелгілерді жасау	38
Жинақтауыш параметрлерін орнату	41
Дискілерді жариялау	43
Төмен көлем режимі	45
Дисктерді енгізу	45
EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу	48
Деректерді тіркеу	49
Затбелгілерді жасау	51
Жинақтауыш параметрлерін орнату	54
Дискілерді жариялау	56
Кері оқу режимі (тек PP-50BD үшін)	58
Дисктерді енгізу	58
EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу	60
Кері оқу операциясын орнату	60
Жариялау режимін орнату	63
Дискілерді жариялау	65
Дисктерді шығару	67
Жариялауды уақытша тоқтату	69
Жариялауды жалғастыру	70
Жариялауды доғару	71
Басымдық бойынша жариялау	72

Тарау 3 Сия картридждерін ауыстыру

Сия картриджінің күйін тексеру	73
Сия картриджін ауыстыру бойынша сақтық шаралар	74
Сия картриджін ауыстыру	76

Тарау 4 Өніміңізге техникалық қызмет көрсету

Басып шығару басының шүмектерін тексеру	80
Nozzle Check утилитасын пайдалану	80
Басып шығару басын тазалау	82
Head Cleaning утилитасын пайдалану	82
Өнім түймелерін пайдалану	83
Басып шығару басын туралау	84
Print Head Alignment утилитасын пайдалану	84
Басып шығару позициясын түзету	85
Correcting the Printing Position утилитасын пайдалану	85
Өнімді тазалау	86
Өнімнің сыртқы жағын тазалау	86
Өнімнің ішкі жағын тазалау	87
Сүзгіні тазалау	87
Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат алу	89
Өнімді тасымалдау	89

Тарау 5 Ақауды жою

Ақауды тексеру	91
Қате индикаторлары	91
EPSON Total Disc Monitor	98
Өнім күйін тексеру	98
EPSON Total Disc Monitor пайдалану	98
Диск немесе диск науасы берілісті дұрыс орындамауда	100
Диск берілісті дұрыс орындамауда	100
Көптік диск берілістері	101
Диск кептелістері	101
Жазу/оқу қатесі	103
Дискке жазу/дисктен оқу мүмкін емес	103
Басып шығару сапасына байланысты ақаулар	103
Көлденең жолақтану	104
Тік бағытта ауытқу	104
Жолақтану	105
Қате немесе жоқ болған түстер	105
Көмескіленген немесе айғыздалған басылым	105
Басқа басып шығару мәселелері	106
Қате немесе бұрмаланған таңбалар	106
Қате жиектер	106
Басылым кішігірім еңіске ие	107
Басылып шығарылған жағы айғыздалған немесе үйкелген	107
Басып шығару жылдамдығы тым баяу	107
Сия жазу беткейіне жағылып қалады	108

Өнім жұмыс істемейді	108
Барлық шам жарықтары өшірулі	108
Шам жарықтары қосылып, өшіп қалды	108
Тек қуат жарығы қосулы	108
Сіз картриджді ауыстырғаннан кейін сия шамы жыпықтауда немесе қосулы . . .	109
Бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін емес.	109
Бағдарламалық жасақтама тарапынан "Сия жастықшасы толуға жақын" хабары көрсетіледі	110
Дискті жариялау мүмкін емес	110
Диск ақпаратын оқу мүмкін емес	110
"Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу" белгішесін басқан кезде өнім жетегі көрсетілмейді	110

Қосымша А Көмек алу бойынша ақпарат

Тұтынушыға қолдау көрсету орталығына хабарласу.	111
Erson орталығына хабарласпас бұрын	111
ТМД елдеріндегі ресми өкіл	111

Қосымша В Өнім туралы ақпарат

Өнім бөлшектері және басқару панелінің функциялары	113
Өнім бөлшектері	113
Басқару тақтасы	116
Сия және диск	117
Сия картридждері	117
Дисктер	117
Техникалық сипаттамалар.	118
Дисктер	118
Сия картридждері	123
Тапсырманы орындау.	124
Басып шығару	124
Жазу жылдамдығы.	125
Механикалық	125
Электрлік.	125
Қоршаған ортаға қатысты ақпарат	126
Стандарттар мен мақұлдаулар	126
Интерфейс.	126
Жарамдылық мерзімі	127

Маңызды ескертпе және қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Маңызды ескертпе

EPSON өнімдерін қолдану үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалана аласыз. CD, DVD және BD дискілерін қосқанда, бірақ олармен шектелмей ақпарат тасығыштарына материалдарды көшіру үшін EPSON PP-50BD/PP-50 пайдалануға болады. Авторлық құқық иелерінің құқығын сақтауға келісесіз. EPSON-ның авторлық құқықтары сіз, қызметкерлеріңіз, өкілдеріңіз немесе агенттеріңіз тарапынан бұзылса, EPSON оған жауапты болмайды және сіз жабдықты ондай бұзушылықтан қорғауыңыз қажет.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Өнімді пайдаланбас бұрын, осы бөлімдегі барлық нұсқаулықтарды оқыңыз. Сонымен қатар, өнімде белгіленген барлық ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтаңыз.

Өнімді орнату

Өнімді орнату кезінде келесілерді орындаңыз.

- ☐ Өнімдегі ауа шығаратын саңылаулар мен тесіктерді бітемеңіз және жаппаңыз.
- ☐ Өнімнің затбелгісінде көрсетілген қуат көзі түрін ғана пайдаланыңыз.
- ☐ Осы өніммен бірге берілетін қуат сымын ғана пайдаланыңыз. Басқа сымды пайдалану өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- ☐ Өнімнің қуат сымы тек осы өніммен бірге пайдалануға арналған. Басқа жабдықпен пайдалану өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- ☐ АТ қуат сымы қатысты жергілікті қауіпсіздік стандартына сай екеніне көз жеткізіңіз.
- ☐ Қауіпсіздік мақсаттарында, қуат сымының жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- ☐ Фотокөшірме құрылғылары немесе ауа бақылау жүйелері үнемі қосылып және ажыратылып отыратындықтан, бір тұйық тізбектегі розеткаларды пайдаланбаңыз.
- ☐ Қабырға ажыратқыштары немесе автоматты таймер арқылы басқарылатын электр розеткаларын пайдаланбаңыз.

- ☐ Толық компьютер жүйесін дауыс зорайтқыштар немесе сымсыз телефондардың негізгі бөлігі сияқты электромагниттік кедергінің ықтимал көздерінен алшақ ұстаңыз.
- ☐ Зақымданған немесе тозған қуат сымдарын пайдаланбаңыз.
- ☐ Егер өніммен жалғағыш сымды пайдаланатын болсаңыз, жалғағыш сымға қосылатын құрылғылардың жалпы номиналды тогы сымның номиналды тогынан аспайтынына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, электр қабырға розеткасына қосылған барлық құрылғылардың жалпы номиналды тогы қабырға розеткасының номиналды тогынан аспауы керек.
- ☐ Өнімге өзіңіз қызмет көрсетуге талпынбаңыз.
- ☐ Келесі жағдайларда өнімді суырып, білікті қызмет көрсету қызметкерлеріне жүгініңіз:
Қуат сымы немесе тығын зақымдалған; өнімге су кірген; өнімді түсіріп алған немесе корпусы зақымдалған; өнім қалыпты жұмыс жасамайды немесе жұмыс сипатында ерекше өзгеріс орын алды.
- ☐ Егер де өнімді Германияда пайдалану жоспарланса, тиісті қысқа тұйықталудан және өнімнің шамадан тыс токтан қорғанысын қамтамасыз ету үшін, ғимарат қондырғысы 10 немесе 16 ампер автоматты ажыратқыш арқылы қорғалуы қажет.
- ☐ Өнімді кабель арқылы компьютерге немесе басқа құрылғыға қосу кезінде, қосқыштардың дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз. Әрбір қосқышта бір ғана бағыт болады. Қосқышты қате бағытта енгізу, кабель арқылы қосылған екі құрылғыны да зақымдауы мүмкін.
- ☐ Егер қосқышта зақым пайда болса, сым жиынын ауыстырыңыз немесе білікті электрикпен кеңесіңіз. Тығында сақтандырғыштар болса, оларды дұрыс өлшемді және номиналды сақтандырғыштармен ауыстырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- ☐ Коммерциялық тұрғыда қолжетімді ауыстыру құрылғылары бұл өнімде жұмыс жасамайды.
- ☐ Өнімнің үстіне ауыр заттарды немесе жүк қоймаңыз. Шамадан тыс жүктемелер өнімнің дұрыс жұмыс жасамауына әкелуі мүмкін.

Өнім орнын таңдау

Өнімнің орнын таңдау кезінде келесілерді орындаңыз.

- ☐ Өнімді өнімнің барлық бағыттардағы негізінен үлкен болатын жазық, қатты беткейге орналастырыңыз. Егер өнімді қабырғаның жанына қоятын болсаңыз, өнімнің арты мен қабырғаның арасында 10 см кеңістік қалдырыңыз. Өнім еңкейтіліп не қисайтылып тұрса, дұрыс жұмыс істемейді.

- ❑ Диск қақпағы толық ашылу үшін, өнімнің алдыңғы жағында жеткілікті аралық қалдырыңыз.
- ❑ Температурасы мен ылғалдылығы кенет өзгертін орындардан аулақ болыңыз. Сонымен қатар, өнімді тікелей күн көзінен, қатты жарықтан немесе ыстық көздерінен алшақ ұстаңыз.
- ❑ Өнімді шаң, электр тогі соғылатын, діріл орын алатын немесе шылым түтіні шығатын жерлерден ұзақ ұстаңыз.
- ❑ Жеткілікті шамада желдетуге болатындай етіп өнімнің айналасына жеткілікті кеңістік қалдырыңыз.
- ❑ Өнімді шнурын оңай ажыратуға болатындай етіп қабырға розеткасының жанына орналастырыңыз.

Өнімді пайдалану

Өнімді пайдалану кезінде келесілерді орындаңыз.

- ❑ Өнімнің ішіне ешбір зат енгізбеңіз.
- ❑ Өнімнің үстіне сұйықты құйып алмау үшін абайлаңыз.
- ❑ Бұл өнімнің ішінде немесе айналасында жанғыш газ қамтитын аэрозольді өнімдерді пайдаланбаңыз. Олай жасау өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- ❑ Қуатты әрқашан  қуат түймесінің көмегімен өшіріңіз. Түйме басылған кезде   қуат жарығы жыпықтайды.   қуат жарығы жыпықтауды тоқтатқанға дейін өнімнің шнурын суырмаңыз немесе қуатты өшірмеңіз.
- ❑ Сия картридждерін орнатылған күйде қалдырыңыз. Картридждерді алып тастау басып шығару басын құрғатып, өнімнің басып шығару жұмысына кедергі жасауы мүмкін.
- ❑ Диск қақпағын жабудан бұрын 3-жинақтаушының жанында ешбір дискінің қалмағанына және 3-жинақтаушыдағы дискілердің еңкейіп қалмағанына көз жеткізіңіз. Өзге жағдайда, сіз диск қақпағын жапқан кезде қате орын алуы мүмкін.
- ❑ Диск қақпағын жабу кезінде саусағыңызды қыстырып алмау үшін абай болыңыз.
- ❑ Бұл өнім мырышпен қапталған табақ металл пайдаланады және бұл жиектердің тот басуына жол ашуы мүмкін, алайда, бұл өнімнің жұмысына ешбір зиянын келтірмейді.
- ❑ Өнімнің үстіне ешбір сусын немесе сұйықтық қоймаңыз, себебі ол өнімнің ішіне еніп кетсе, ақаудың орын алуына себеп болуы мүмкін.

- ❑ PP-50BD үшін: Қолданбаның өзі сізге дискілерді қосуға немесе алып тастауға нұсқау бермесе, жұмыс орындалып жатқан кезде ("busy" индикаторы жыпықтаған кезде) диск қақпағын ашпаңыз. Бұл басып шығару басына немесе басып шығару сапасына ықпал етуі мүмкін. Сондай-ақ, қауіпсіздік себептерімен өнімнен дыбыстық сигнал шығып тұрған кезде оның ішіне қолыңызды салмаңыз, себебі тұтқа әлі де қозғалып жатады.
- ❑ PP-50 үшін: Жұмыс жүріп жатқан кезде ("busy" индикаторы жыпықтап тұрған кезде) диск қақпағын ашқан болсаңыз, дискілерді енгізу немесе шығару секілді қандай да бір операцияны орындаудан бұрын ішкі жарықтың өшірілгеніне және тұтқаның қозғалуды тоқтатқанына көз жеткізіңіз. Тұтқа қозғалып жатқан кезде қолыңызды ішке салмаңыз немесе жинақтауыштарды іске қоспаңыз. Сонымен қатар, дискті ақырын ашып-жабыңыз.
- ❑ Бұл өнім Windows ортақ параметрінің көмегімен ортақ принтер ретінде пайдалануға келмейді.

Сия картридждерін пайдалану

Сия картридждерін пайдалану кезінде келесілерді орындаңыз:

- ❑ Сия картридждерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалардың сияны ішуіне немесе қолдарымен ұстауына жол бермеңіз.
- ❑ Сия картридждерін сілкілеменіз; олай жасау сияның ағып кетуіне себеп болуы мүмкін.
- ❑ Пайдаланылған сия картридждерін ұстаған кезде абай болыңыз, себебі сия беру портының айналасында сия қалып қалуы мүмкін. Егер сия теріңізге тисе, тиген аймақты жақсылап сабынмен және сумен жуыңыз. Егер сия көзіңізге кіріп кетсе, көзіңізді дереу сумен шайыңыз. Егер көзіңізді жақсылап шайғаннан кейін әлі де жайсыздық сезсеңіз немесе көру қабілетіңіз нашарласа, дереу дәрігерге барыңыз.
- ❑ Картриджтегі затбелгіні алмаңыз немесе жұлмаңыз; бұл картридждің ағып кетуіне себеп болуы мүмкін.
- ❑ Сия картриджін бумадан шығарған кейін оны дереу орнатыңыз. Егер картриджді бумадан шығарылған күйде ұзақ уақыт бойына қалдырсаңыз, қалыпты түрде басып шығару мүмкін болмауы ықтимал.
- ❑ Сия картриджін оның бумасында басылып шығарылған мерзім аяқталмай тұрып пайдаланыңыз.
- ❑ Сия картридждерін демонтаждамаңыз немесе қайта толтыруға талпынбаңыз. Бұл басып шығару басын зақымдауы мүмкін.

- ❑ Сия картриджін салқын сақтау орнынан әкелгеннен кейін оны пайдаланудан бұрын кемінде үш сағат бойына бөлме температурасына дейін жылытыңыз.
- ❑ Сия картридждерін салқын, қараңғы жерде сақтаңыз.
- ❑ Картридждің бүйіріндегі жасыл ІС чипін ұстамаңыз. Олай жасау қалыпты түрде жұмыс істеуге және басып шығаруға кедергі жасауы мүмкін.
- ❑ Осы сия картриджіндегі ІС чипі сия картриджінің күйі секілді картриджге қатысты әртүрлі ақпаратты қамтиды, сондықтан картриджді еркін түрде алып, қайта енгізуге болады. Алайда, картриджді әрбір кез енгізген сайын біршама сия жұмсалады, себебі өнім автоматты түрде сенімділік тексерісін орындайды.
- ❑ Сия картридждерін сия беру аймағы төменге қараған қалыпта орналастырмаңыз. Бұл сияның ағып кетуіне себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, сия беру аймағына жабысқан кір өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

CD/DVD/BD дискілері үшін ескертпе

Өнімді пайдаланудан бұрын жабдықтың жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу үшін жұмыс тексерісін орындау қажет. Қажет болса, CD/DVD/BD дерегінің резервтік көшірмесін жасаңыз. Дерек келесі жағдайларда зақымдалып, жоғалуы мүмкін:

- Статикалық немесе электрлік шудың ықпалы
- Дұрыс пайдаланбау
- Ақау немесе жөндеу
- Табиғи апат себебінен зақымдалу

Өнімнің жарамдылық мерзімі бітпеген болса да, Epson жоғарыдағыларды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін себептерден зақымдалған немесе жоғалған деректер үшін жауапты болмайды.

Осы өнімді пайдалану себебінен қандай да бір кездейсоқ жоғалтудың орын алуына қатысты

Егер осы өнім себебінен жинаққа кіретін бағдарламалық жасақтаманы қосқанда қандай да бір нәрсе жоғалса және оны алу мүмкін болмаса, осы фактіден туатын кездейсоқ шығындарды және осы өнімді пайдалану арқасында жоғалған пайданы өтей алмаймыз.

Пайдалану шектеуі туралы

- ❑ Бұл өнім авиация, теміржол, теңіздік, автомобильдік және т.б. апаттан сақтану құрылғылары; әртүрлі қауіпсіздік құрылғыларына қатысты тасымалдау құралдары сияқты жоғары сенімділік / қауіпсіздікті қажет ететін қолданбалар үшін пайдаланған кезде, қауіпсіздікті және жалпы жүйе сенімділігін сақтау үшін, дизайныңызға қатысты сенімділік пен артықтықтың қосылуын ескергеннен кейін ғана өнімді пайдалану қажет. Бұл өнім аэрокосмостық жабдық, басты байланыс жабдығы, атомдық энергияны басқару жабдығы немесе тікелей медициналық күтімге қатысты медициналық жабдық, т.б. секілді аса жоғары сенімділікті/қауіпсіздік қажет ететін қолданбаларда пайдаланылуға арналмағандықтан, ондай жағдайда толық бағалау жүргізіп, өнімнің сәйкестігі бойынша өзіңіздің жеке шешіміңізді жасаңыз.
- ❑ CD, DVD немесе BD дискілерін көшіру кезінде сіз дискілерде жазылған жұмыстың авторлық құқығы жоқ екені, сол жұмыс үшін сіздің авторлық құқығыңыз бар екені, автордан рұқсат алғаныңыз немесе жұмысты дискілерге көшіру заңға қарсы еместігі бойынша талаптарға сай келуіңіз қажет. Бұл шарттарды орындамай CD, DVD, BD көшіру заңға қарсы келеді, олай жасамау қажет.
- ❑ Бұл өнім кәсіби саудалық қолданыс үшін арналған, үй қолданысына арналмаған.

Назар аударыңыз!

Бұл бұйым А санатындағы құралдарға жатады. Оны тұрмыста пайдалану кезінде ол тудыратын индустриалды кедергілер басқа техникалық құралдардың қызметін бұзуы мүмкін. Ондай жағдайда тұтынушы өзі тиісті шаралар қолдануы керек.

Қапталмаған интерфейс кабелін осы өнімге жалғау осы құрылғының электр магнитті үйлесімділік стандарттарына сәйкестігін жоққа шығарады. Seiko Epson корпорациясы тікелей рұқсат етпеген өзгерістер енгізудің жабдықты пайдалану құқығын жоққа шығару мүмкін екенін ескеріңіз.

Үлгі Кеден Одағының “Кернеуі төмен жабдық қауіпсіздігі туралы”
Техникалық ережесіне (TP TC 004/2011) және Кеден Одағының
“Техникалық құрылғылардың электр магнитті үйлесімділігі туралы”
Техникалық ережесіне (TP TC 020/2011) жауап береді



Өнім жасаушысы: SEIKO EPSON КОРПОРАЦИЯСЫ

Мекенжайы: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Жапония

Телефоны: 81-266-52-3131

ТМД елдеріндегі ресми өкіл:

“EPSON CIS” ЖШҚ

Мекенжайы: Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер,
“Чайка Плаза” бизнес орталығы

Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>

электрондық пошта: info_CIS@epson.ru

EPSON EUROPE B.V. МӘСКЕУДЕГІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢСЕСІ

Мекенжайы: Atlas Arena, Asia Building, Hoogoorddreef 5,
1101 BA Amsterdam Zuidoost The Netherlands

Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>

Өнім жасалған ай мен жыл

Өнімде MD кейінгі 6 санмен белгіленген. (MD: ЖЖЖЖАА)

Өнім жасалған ел

Өнімде белгіленген.

Ескертулер, сақтандырулар және ескертпелер

Осы нұсқаулықта берілген ескертулер, сақтандырулар және ескертпелер төменде көрсетілгендей келесі мағыналарға ие:



Ескертулер

дене жарақатына жол бермеу үшін мұқият орындалуы тиіс.



Сақтандырулар

жабдықтың зақымдануына жол бермеу үшін орындалуы тиіс.

Ескертпелер

өнім жұмысы бойынша маңызды ақпарат пен пайдалы кеңестерді қамтиды.

Жеке бағдарламалық жасақтаманы пайдалану

Жүйе талаптары

Өнімді пайдалану

Windows талаптары

Бұл өнімді пайдалану үшін келесі Windows операциялық жүйелерінің біреуі орнатылған болуы қажет.

Операциялық жүйе	Windows 10 (32 бит/64 бит) Home/Pro/Enterprise Windows 8.1 (32 бит/64 бит) Windows 8.1 Pro (32 бит/64 бит) Windows 8 (32 бит/64 бит) Windows 8 Pro (32 бит/64 бит) Windows 7 (32 бит/64 бит, SP1 немесе кейінгі нұсқасы) Home Premium/Professional/Enterprise/Ultimate Windows Vista (32 бит/64 бит, SP2 немесе кейінгі нұсқасы) Home Basic/Home Premium/Business/Enterprise/ Ultimate Windows XP (32 бит, SP3 немесе кейінгі нұсқасы) Home Edition/Professional Windows Server 2012 R2 (64 бит) Standard/Essentials Windows Server 2012 (64 бит) Standard/Essentials Windows Server 2008 R2 (64 бит, SP1 немесе кейінгі нұсқасы) Standard/Enterprise Windows Server 2008 (32 бит/64 бит, SP2 немесе кейінгі нұсқасы) Standard/Enterprise Windows Server 2003 R2 (32 бит, SP2 немесе кейінгі нұсқасы) Standard/Enterprise Windows Server 2003 (32 бит, SP2 немесе кейінгі нұсқасы) Standard/Enterprise
-------------------------	---

CPU	Windows 10 Windows 8.1 Windows 8 Windows 7 Windows Vista Windows XP Windows Server 2003 R2 Windows Server 2003	PP-50: Intel Pentium 4 (немесе оған үйлесімді процессор) 1,4 ГГц немесе одан жылдамырақ болған процессор PP-50BD: Core DuoT2700/Core2Duo E6300 немесе одан артығы (немесе оған үйлесімді процессор)
	Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012 Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	PP-50: Intel Pentium 4 (немесе оған үйлесімді процессор) 2,0 ГГц немесе одан жылдамырақ болған процессор PP-50BD: Core DuoT2700/Core2Duo E6300 немесе одан артығы (немесе оған үйлесімді процессор)
Жады	Windows 10 64 бит Windows 8.1 64 бит Windows 8 64 бит Windows 7 64 бит Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012 Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	2 Гбайт немесе одан көп
	Windows 10 32 бит Windows 8.1 32 бит Windows 8 32 бит Windows 7 32 бит Windows Vista	1 Гбайт немесе одан көп
	Windows XP Windows Server 2003 R2 Windows Server 2003	PP-50: 512 Мбайт немесе одан көп PP-50BD: 1 Гбайт немесе одан көп
HDD қолжетімді кеңістігі	Windows 10 64 бит Windows 8.1 64 бит Windows 8 64 бит Windows 7 64 бит	PP-50: 30 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп
	Windows 10 32 бит Windows 8.1 32 бит Windows 8 32 бит Windows 7 32 бит	PP-50: 26 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп
	Windows Vista	PP-50: 25 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп
	Windows XP	PP-50: 10 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп
	Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012	170 Гбайт не одан да көп
	Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	PP-50: 50 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп
	Windows Server 2003 R2 Windows Server 2003	PP-50: 12,9 Гбайт немесе одан көп PP-50BD: 100 Гбайт немесе одан көп

HDD айналу жылдамдығы	7200 айн/мин немесе одан жылдамырақ
Интерфейс	USB 2.0 ☐ USB 2.0 стандартымен үйлесімді ☐ Жоғары жылдамдықтағы USB өнімділігін тексеру
Көрсетілім	XGA (1 024 x 768 нүкте) немесе одан жоғарырақ 65 536 түс немесе одан көп
Басқа	Музыкалық CD жасау: Тиісті жетегі орнатылған дыбыстық құрылғыны қажет етеді. Windows Media Player 6.4 немесе кейінгі нұсқасы орнатылған болуы қажет.

Ескертпе:

- ☐ Егер жүйеңіз FAT болса, DVD/BD дисктеріне жаза алмауыңыз ықтимал.
- ☐ IPX460 немесе алдыңғы нұсқадағы ATI South Bridge чипсеті бұл өніммен үйлесімді емес.
- ☐ Қолдау көрсетілмейтін чипсеттер туралы мәліметтерді 111-беттегі "ТМД елдеріндегі ресми өкіл" беттерінде тізімделген URL мекенжайлары бойынша табуға болады.
- ☐ Үшінші тараптың жазу бағдарламасы, антивирустік бағдарлама немесе басқа бір USB құрылғысы жалғанған жерде бұл өнім тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.
- ☐ MMC 4.0 немесе одан кейінгі нұсқамен үйлесімді пәрмендер мен операцияларды қолдайтын және көшіру үшін ішкі арна дерегін бастапқы жетек ретінде оқи алатын CD/DVD жетегін пайдаланыңыз.
- ☐ Тек PP-50BD үшін: MMC 5.0 немесе кейінгі нұсқамен үйлесімді пәрмендер мен операцияларды қолдайтын және BD көшіру үшін ішкі арна дерегін бастапқы жетек ретінде оқи алатын BD жетегін пайдаланыңыз.

Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар

Басқаша көрсетілмеген жағдайда, бұл нұсқаулық Windows Vista операциялық жүйесіне арналған операциялар мен экрандарды пайдалану әдісін түсіндіреді.

Working Folder және журналды орнату

Бағдарламалық жасақтаманы орнатқаннан кейін, дискті жариялау операциясы үшін қатты дискіде **Working Folder** жасаңыз. Сондай-ақ, журнал файлдары үшін де орнатуға болады. Журнал файлдарын өнімге техникалық қызмет көрсету және қолдау көрсету үшін қолдануға болады.

Ескертпе:


Бұл параметрлер барлық тіркелген CD/DVD/BD жариялаушылары (PP-100N үлгісінен басқа) үшін көрсетілген.

1. **Бастау** (🌐) - **Барлық бағдарламаларда - EPSON Total Disc Maker - EPSON Total Disc Setup** таңдаңыз.

EPSON Total Disc Setup іске қосылады.

2. **Tool** мәзірінен **Common Setting for Publishing** таңдаңыз.

Common Setting for Publishing экраны пайда болады.



3. **Working Folder** жасау мақсатында қалта таңдау үшін **Browse** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Жеткілікті бос орны бар болған жетекті таңдаңыз. HDD бос орны бойынша ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

➔ 14-беттегі "Жүйе талаптары" қараңыз.

4. Өнімнің қолданыс тарихын сақтағыңыз келсе, **Save publication log** құсбелгі ұяшығын белгілеңіз.

Ескертпе:

Компьютерде сақталған журнал файлдары 200 Мбайт шамасынан асқан кезде жаңаларына бос орын бөлу үшін ең ескілері жойылады.

5. **OK** түймесін басыңыз.

Өнімді қосу

Өнімді (CD/DVD/BD publisher) компьютерге қосу үшін EPSON Total Disc Setup пайдаланыңыз.

Ескертпе:

Егер байланыс нүктесі (порт) қолмен орнатылған болса, өнімді қосу қажет. Алайда, егер байланыс нүктесі (порт) автоматты түрде орнатылған болса, өнімді қосу қажет емес.

1. Өнімнің USB кабелі арқылы компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. **Бастау** () - **Барлық бағдарламаларда - EPSON Total Disc Maker - EPSON Total Disc Setup** таңдаңыз.

EPSON Total Disc Setup іске қосылады.

3. **Add** түймесін басыңыз.
4. **Local CD/DVD/BD publisher** таңдап, содан кейін **Next** басыңыз.
5. CD/DVD/BD Publisher тізімінен қосылатын өнімді таңдап, одан кейін **Next** басыңыз.
6. Кез келген атты енгізіп, **OK** басыңыз.

Тапсырманың аяқталуы туралы хабарландыру параметрі

Экранда сізге тапсырманың аяқталғаны туралы білдіру жасайтын хабарды қарау параметрлерін орнатуға болады.

Ескертпе:

Бұл параметрлер тіркелген барлық CD/DVD/BD жариялаушылары үшін көрсетіледі.

1. **Бастау** (🌐) - **Барлық бағдарламаларда - EPSON Total Disc Maker - EPSON Total Disc Setup** таңдаңыз.


EPSON Total Disc Setup іске қосылады.

2. **Tool** мәзірінен **Common Setting for Publishing** таңдаңыз.

Common Setting for Publishing экраны пайда болады.

3. **Notification Settings** қойындысын басыңыз.

Notification Settings экраны пайда болады.



4. **Notification Method** үшін **Display message box** белгілеңіз.
5. **Notification when a job is finished** опцияларының біреуін таңдаңыз.
6. **OK** түймесін басыңыз.

Қолданбаларды шолу

Өніммен бірге берілген EPSON Total Disc Maker бағдарламалық жасақтамасы CD/DVD/BD жазуға немесе көшіруге, CD/DVD/BD затбелгілерін жасауға және CD/DVD/BD жариялауға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ, CD/DVD/BD ішінен деректерді алуға да мүмкіндік береді.

Ескертпе:

- ☐ *BD жазу, көшіру немесе басып шығару әрекеттерін тек PP-50BD үлгісімен орындауға болады.*
- ☐ *CD/DVD/BD ішінен деректерді тек PP-50BD көмегімен алуға болады.*

EPSON Total Disc Maker

EPSON Total Disc Maker сізге CD/DVD/BD жазу және көшіру және CD/DVD/BD затбелгілерін басып шығару мүмкіндігін береді. PP-50BD үлгісімен сондай-ақ, CD/DVD/BD ішінен дерек оқуға және оны HDD сақтауға болады. EPSON Total Disc Maker бағдарламасында бұл әрекеттерді орындау үшін қолданылатын процесс "Publish" ("Жариялау") деп аталады.

EPSON Total Disc Monitor

EPSON Total Disc Monitor өнімді бақылайтын утилит болып табылады, ол сізге өнімнің ағымдағы күйі туралы ақпарат береді. EPSON Total Disc Monitor, көмегімен сіз сондай-ақ, тапсырмаларды уақытша тоқтатуға/доғаруға немесе орындалатын тапсырмалардың ретін өзгертуге болады.

EPSON Total Disc Setup

EPSON Total Disc Setup өнімді компьютерге тіркеп, жариялау режимі, жинақтауыштар және жетек параметрлері секілді CD/DVD/BD жариялау үшін негізгі параметрлерді орнату үшін арналған утилит болып табылады.

Using EPSON Total Disc Maker

Келесілерді орындау үшін EPSON Total Disc Maker пайдаланыңыз:

- ☐ BD ішіне дерек жазу, DVD ішіне дерек жазу, DVD ішіне видео жазу, CD ішіне музыка жазу, CD ішіне музыка және дерек жазу, CD ішіне видео жазу, CD/DVD/BD көшіру немесе CD/DVD/BD ішінде деректерді кері оқу.
- ☐ CD/DVD/BD затбелгілерін жасау және өңдеу.

Ескертпе:

- ☐ *BD жазу, көшіру немесе басып шығару әрекеттерін тек PP-50BD үлгісімен орындауға болады.*
- ☐ *CD/DVD/BD ішінен деректерді тек PP-50BD көмегімен оқуға болады.*

EPSON Total Disc Monitor іске қосу

Бастау () басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, одан кейін **EPSON Total Disc Maker** басыңыз.

Онлайн анықтама арқылы ақпарат алу

EPSON Total Disc Maker бойынша онлайн анықтамаға бағдарламалық жасақтамадан немесе Windows Бастау мәзірінен қол жеткізуге болады.

EPSON Total Disc Maker, EPSON Total Disc Monitor немесе EPSON Total Disc Setup терезесінде әрбір утилитаның онлайн анықтамасын қарау үшін  түймесін басыңыз.

Принтер жетегін шолу

Ең жақсы басып шығару нәтижелеріне қол жеткізу үшін принтер жетегі сізге әрқелкі параметрлерден таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Принтер драйверіне қол жеткізу

Принтер жетегіне EPSON Total Disc Maker, EPSON Total Disc Setup, көптеген Windows негізді қолданбалардан және Windows Бастау мәзірінен қол жеткізуге болады.

EPSON Total Disc Maker жасақтамасынан көрсетілетін болса

Параметрлер тек EPSON Total Disc Maker ішінде көрсетіледі. Сіз EPSON Total Disc Maker жасақтамасынан шыққан кезде параметрлер жоғалады.

EPSON Total Disc Setup немесе Бастау мәзірінен көрсетілетін болса

Сіз орнататын ақпарат принтер жетегінің параметрі ретінде сақталады, одан кейін ол, EPSON Total Disc Maker принтер параметрлерінде және барлық басқа қолданбаларда көрсетіледі.

Принтер жетегіне қол жеткізу үшін келесі бөлімдерді қараңыз.

EPSON Total Disc Maker жасақтамасынан

1. **Бастау** () басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, одан кейін **EPSON Total Disc Maker** басыңыз.
2. **Tool** мәзірінен **Print Settings** таңдаңыз.

EPSON Total Disc Setup жасақтамасынан

1. **Бастау** () түймесін басыңыз, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, содан кейін **EPSON Total Disc Setup** басыңыз.
2. CD/DVD/BD Publisher таңдаңыз, содан кейін **Properties** басыңыз.

Windows қолданбаларынан

1. Файл мәзірінде **Басып шығару** немесе **Басып шығару параметрлері** опциясын басыңыз.
2. Пайда болатын терезеде **Принтер, Орнату, Опциялар, РТөңшелімдер** немесе **Сипаттар** басыңыз. (Қолданбаңызға байланысты осы түймелердің біреуін немесе тіркемесін басу қажет болуы мүмкін.)

Бастау мәзірінен

1. **Бастау** () , **Басқару тақтасы**, одан кейін **Принтерлер** опциясын басыңыз.
2. Тінтуірдің оң жағымен **EPSON PP-50PRN** үстінен басып, одан кейін мәзірден **Басып шығару теңшелімдері** таңдауын басыңыз.

Онлайн анықтама арқылы ақпарат алу

Принтер драйверіндегі элементтер бойынша онлайн анықтамаға Windows Бастау мәзірінен кіруге болады.

➔ 22-беттегі “Принтер драйверіне қол жеткізу” қараңыз.

Принтер жетегінің терезесінен келесі рәсімдердің біреуін орындап көріңіз.

- ☐ Тінтуірдің оң жағымен элементтің үстінен басып, одан кейін **Help** опциясын таңдаңыз.
- ☐ **Help** басыңыз.

Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою

Бағдарламалық жасақтама орнатылымын төмендегі қадамдарды орындау арқылы жоюға болады:

Ескертпе:

- ❑ *Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою кезінде сізден әкімші құпиясөзі немесе растау талап етілуі мүмкін. Құпиясөз сұралған кезде жұмысты жалғастыру үшін құпиясөзді енгізіңіз.*
- ❑ *Windows XP немесе Windows Server 2003 амалдық жүйесінде бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою үшін, Windows жүйесіне әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы (әкімшілер тобына жататын) ретінде кіріңіз.*
- ❑ *Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде әртүрлі Microsoft құрамдастарын орнатуға болады. Бағдарламалық жасақтаманың орнатылымын жою кезінде олардың кейбірінің орнатылымын жою мүмкін болмауы ықтимал.*

1. Барлық қолданбаларды жабыңыз.
2. **Бастау** () , одан кейін **Басқару тақтасы** опциясын басыңыз.
3. **Бағдарламаны жою** басыңыз.
4. EPSON Total Disc Maker басып, **Жою** басыңыз.

Ескертпе:

Қандай да бір мәселе себебінен орнатылым жоюды орындай алмасаңыз, бағдарламалық жасақтаманың орнатылымын Discproducer Utility & Documents Disc. ішіндегі setup.exe екі рет басу арқылы жойыңыз.

5. Растау хабары пайда болған кезде **Yes** басыңыз.
6. Экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Кіріспе

Бұл бөлім дисктерді жасау, басып шығару және оқу рәсімдері бойынша сізге басшылық етеді.

Ескертпе:

Дисктер бойынша ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

➔ 118-беттегі "Дисктер" қараңыз.

Қуатты қосу/өшіру

Бөл бөлім қуатты қалай қосу/өшіру керектігін сипаттайды.

Қуатты қосу

1. Қуат кабелін жалғаңыз.
2. Қуат жарығы жыпықтағанға дейін  **Power** (Қуат) түймесін басып ұстап тұрыңыз.
 -  Қуат жарығы жасыл түспен жыпықтап, содан кейін қосулы болып қала береді.

Қуатты өшіру

 **Power** (Қуат) түймесін басыңыз. ○  Қуат жарығы жасыл түспен жыпықтап, одан кейін өшіп қалады, содан кейін қуат та өшеді.



Сақтандыру:

- ❑ Қуат өшкеннен кейін желдеткіш іске қосылады, бірақ ол автоматты түрде 15 минуттан кейін тоқтайды.
- ❑ Егер өнім жұмыс істеп жатқан болса, жұмыс тоқтағаннан кейін 10 секунд бойына күте тұрыңыз, одан кейін қуатты өшіріңіз.
- ❑ Желдеткіш жұмыс істеп тұрған бойы қуат қайта қосылғанда өнім компьютер тарапынан танылмауы мүмкін. Бұл жағдайда, USB кабелін ажыратып, қайта жалғаңыз.

Ескертпе:

- ❑ Көмьютердің қуаты қосулы күйде өнімді өшірген кезде келесілерді орындаңыз. Егер өнім тиісті рәсімнің орындалуынсыз өшірілген болса, компьютердегі дерек зақымдалуы мүмкін.

1. Егер *Total Disc Maker*, *Total Disc Monitor* немесе *Total Disc Setup* орындалып жатқан болса, бағдарламалық жасақтаманы жабыңыз..
2. Тапсырма науасындағы "Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу" опциясын екі рет басыңыз.
3. Өнімдегі жетекті таңдап, оан кейін **Тоқтату** опциясын таңдаңыз.

Жариялау режимдерін шолу

EPSON Total Disc Maker жасақтамасында CD/DVD/BD дисктеріне дерек жазу, сіз жаратқан/редакциялаған затбелгілерді басып шығару және CD/DVD/BD дисктерінен дерек оқу "Жариялау" деп аталады.

Ескертпе:

- ❑ *BD жазу, көшіру немесе басып шығару әрекеттерін тек PP-50BD үлгісімен орындауға болады.*
- ❑ *CD/DVD/BD ішінен деректерді тек PP-50BD көмегімен оқуға болады.*

Стандартты режим

Бұл режим 1-жинақтауышты енгізу жинақтауышы және 2 немесе 3-жинақтауышты шығару жинақтауышы ретінде пайдаланады.

2-жинақтауыш шығару жинақтауышы ретінде белгіленген кезде 50-ге дейін CD/DVD/BD дисктерін бір уақытта жасауға болады. Сондай-ақ, енгізу жинақтауышындағы дисктерді қайта толтырып, бір уақытта жарияланған дисктерді шығару жинақтауышынан шығарсаңыз, бір тапсырмада 1000-ға дейін CD/DVD/BD дискіні жариялауға болады.

➡ 33-беттегі "Стандартты режим" қараңыз.

Төмен көлем режимі

Бұл режим 1-жинақтауыш пен 2-жинақтауышты енгізу жинақтауыштары және 3-жинақтауышты шығару жинақтауышы ретінде пайдаланады.

2-жинақтауыштың әрбіріне әртүрлі дисктерді (CD, DVD, немесе BD) жүктеуге болады және әртүрлі дисктерді жасауға болады. Бұл дисктердің кішігірім бумаларын бір уақытта жасау үшін өте ыңғайлы.

Егер бір типтегі дисктер 1-жинақтауыш пен 2-жинақтауышқа жүктелген болса және енгізу жинақтауышының параметрі үшін **Auto** белгіленген болса, дисктерді қайта толтырусыз жарияланған дисктерді шығару арқылы 100-ге дейін CD/DVD/BD дисктерін үздіксіз жариялауға болады.

Дисктерді қайта толтыру және жарияланған дисктерді шығару арқылы 1000-ға дейін CD/DVD/BD дисктерін толассыз жариялауға болады.

➔ 45-беттегі “Төмен көлем режимі” қараңыз

Кері оқу режимі (тек PP-50BD үшін)

Бұл режим 1-жинақтауыш енгізу жинақтауышы және 2-жинақтауышты шығару жинақтауышы ретінде пайдаланады.

1-жинақтауышта 50-ге дейін CD/DVD/BD дискінің ішіндегі деректерді бір уақытта оқуға болады. Деректерді файлдар немесе кескін файлы ретінде жергілікті/желі HDD ішінде сақтауға болады.

➔ 58-беттегі “Кері оқу режимі (тек PP-50BD үшін)” қараңыз

Жетек параметрлері (кері оқу режимінен басқалары үшін)

Number of write retries

Number of write retries параметрі үшін 0 мен 9 аралығындағы бір санды оратыңыз.

Number of write retries - жазу қатесі пайда болған жағдайда жазуға қайта талпыну параметрі болып табылады.

Number of write retries параметрін орнату жазу қатесі пайда болған жағдайда тапсырманың тоқтаусыз жалғасуына мүмкіндік береді.

Жетек параметрлері (Кері оқу режимі үшін)

No. of read back errors allowed

No. of read back errors allowed параметрі үшін 0-9 аралығында бір санды таңдаңыз.

No. of read back errors allowed параметрін орнату кері оқу қателерінің орнатылған саны орын алғанға дейін тапсырмалардың тоқтаусыз жалғасуына мүмкіндік береді. Кері оқу қатесі орын алған кезде диск қате дискі ретінде шығарылып, келесі дискті оқу орындалады.

Continue publishing regardless of the occurrence of read back errors

Егер бұл құсбелгі ұяшығын белгілесеніз, кері оқу қатесі қанша рет орын алса да, тапсырма тоқтаусыз жалғаса береді. Кері оқу қатесі орын алған кезде диск қате дискі ретінде шығарылып, келесі дискті оқу орындалады.

Принтер параметрлері

Printer name

Принтер атын таңдаңыз.

Ескертпе:

Принтердің атын өзгертетін кезде Юникод таңбаларын пайдаланбаңыз. Құрылғы дұрыс танылмайды.

Failure error mark

Егер бұл құсбелгі ұяшығын белгілесеніз, қате белгісі жазу қатесі бар кез келген дискте басылып шығарылады. Оны жазу қатесі кездескен дискті айқындау үшін қолдануға болады.

Жазу қатесі бар диск 3-жинақтауышқа шығарылады.

Ескертпе:

Қате белгісі келесі жағдайларда басылып шығарылмайды.

- ☐ *Тапсырма доғарылды*
- ☐ *Жинақтауыштың ішінде қате диск түрі табылды.*
- ☐ *Түзетілмес қате*
- ☐ *Қате белгісін басып шығару үшін қалған сия жеткілікті емес*

Дискке жазу және басып шығару бойынша хабарландыру

- ☐ Жинақтауышты күн сәулесі тікелей түспейтін жерде сақтаңыз. Деформацияланған немесе зақымдалған жинақтауыш өнімнің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.
- ☐ Тек басып шығару үшін қолдануға болатындығын білдіретін, мысалы, "Затбелгі беткейінде басып шығаруға болады" немесе "Сия тозаңдату әдісімен жұмыс істейтін принтерлермен басып шығаруға болады" деген затбелгісі бар CD/DVD/BD дисктерін пайдаланыңыз.

- ❑ Дисктерді пайдалану бойынша мәліметтерді және дисктерге дерек жазу жөніндегі нұсқаулықтарды CD/DVD/BD құжаттамасынан қараңыз.
- ❑ Өнімді ұзақ уақыт бойы сақтағаннан кейін немесе қандай да бір қате орын алғаннан кейін алғашқы рет пайдаланған кезде жоқ болған нүктелер мен сия дақтары пайда болып, басып шығару сапасын төмендетуі мүмкін. Егер дисктерді көп мөлшерде жариялайтын болсаңыз, алдымен бір дискті жариялау арқылы басып шығару сапасын тексеріп алыңыз. Қандай да бір нүкте жоқ болса, басып шығару басын тазалаңыз.
- ❑ Дисктерде жазу мен басып шығару әрекеттерін бөлек-бөлек орындаған кезде басып шығаруды жазудан кейін орындау ұсынылады. Егер дисктерге жазуды басып шығарудан кейін орындасаңыз, сия дисктердің бір-біріне жабысып қалуына, кірленуіне, тоттануына себеп болып, дисктегі жырық жазу қатесінің орын алуына әкелуі мүмкін.
- ❑ Қырлы аймағында жабысуға, дисктің жабысуына немесе түссізденуге әкелуі мүмкін.
- ❑ Артық болған бір дискте басып шығару сынағын орындап көріңіз, бір толық күн күткеннен кейін басылып шығарылған беткейін тексеріңіз, мұны әсіресе көп мөлшердегі дисктерді басып шығарудан бұрын орындауыңыз қажет.
- ❑ Бірінші көшірмені басып шығарғаннан кейін қандай да бір нүктенің жоқтығын тексеріңіз.
- ❑ Дисктердің басып шығару беткейін ұстау не пайдалану кезінде олардың толықтай құрғақ екеніне көз жеткізіп, күн сәулесі тікелей түсетін жерлердің тысында сақтаңыз.
- ❑ Егер басылып шығарылған беткейі құрғатылғаннан кейін де әлі жабысқақтанатын болса, келесілерді орындаңыз.
 1. Затбелгі түрін өзгертіңіз.
 2. Түстің қанықтық деңгейін өзгертіңіз.
 3. Дискті ауыстырыңыз.
- ❑ Басып шығару беткейіндегі ылғалдылық айғызданып қалуына себеп болуы мүмкін.
- ❑ Егер Epson тарапынан нұсқалған CD дисктерінің маттық затбелгі түріне басып шығаратын болсаңыз, Label Type параметрін CD/DVD Label ретінде орнатыңыз.
- ❑ Егер Epson тарапынан нұсқалған DVD дисктерінің маттық затбелгі түріне басып шығаратын болсаңыз, Label Type параметрін CD/DVD Premium Label ретінде орнатыңыз.
- ❑ Epson тарапынан нұсқалған дисктерді пайдаланған кезде Print Mode setting үшін тек [1] таңдауға болады.

- ☐ Бір дискте қайта басып шығару басып шығару сапасын жақсартпауы мүмкін.
- ☐ Жинақтауышты пайдаланудан бұрын ешқандай кірдің жоқтығынан сенімді болу үшін оның ішкі жағын тазалап алыңыз.
- ☐ Басып шығарудан бұрын дискті тексеріңіз, рецептор өлшемі өзгеруі мүмкін.
- ☐ Егер рецептордан тыс басылып шығарылған болса, сия бірікпеуі мүмкін.
- ☐ Егер өнім жұмыс істеп жатқан болса, жұмыс аяқталғаннан кейін 10 секунд бойына күте тұрыңыз, содан кейін қуатты өшіріңіз.
- ☐ Диск немесе сақтау шартына байланысты дерек жоғалуы мүмкін, сондықтан маңызды деректерді бірнеше дискте сақтаңыз. Epson жоғалған деректерге кепілдік бермейді.
- ☐ Жетек ұясына бұранда жетегі немесе қысқыш секілді бөгде заттарды салмаңыз, олай жасау ақаудың орын алуына себеп болуы мүмкін.
- ☐ Жарияланған CD/DVD/BD үйлесімсіздік себебінен басқа типтегі жетекте немесе ойнатқышта оқылмауы мүмкін.
- ☐ Таза дисктің сапасы басып шығару және жазу/оқу сапасын айқындайды. Тек нұсқалған диск түрін пайдалану ұсынылады.
- ☐ Дерек жазу барысында салыстыруды орындау ұсынылады.
- ☐ Дерек маңызды болып табылса, резервтік сақтауды орындау ұсынылады. Жазылған деректер ұзақ уақыт бойы сақталғаннан кейін нашарлануы мүмкін. Резервтік сақтау шараларын тұрақты түрде өткізіп тұру ұсынылады.
- ☐ Оқу немесе жазу кезінде өнімді дірілдетпеңіз не соққыға ұшыратпаңыз, олай жасау жетекте ақаудың пайда болуына себеп болып, дискті жарамсыз күйге келтіруі мүмкін.
- ☐ Шатынаған, мыжылған және деформацияланған дискті пайдаланбаңыз, себебі ондай диск өнімнің ішінде бөлшектеніп сынып, ақаудың пайда болуына немесе зақымдалуға себеп болуы мүмкін.
- ☐ Егер дискте қандай да бір кішкене жырық немесе кір болса, ол оқылмай қалуы және оған жазу мүмкін болмай қалуы ықтимал, сондықтан дискті күтіп ұстаңыз.
- ☐ Дискті қырынан ғана ұстаңыз, ешбір беткейіне қол тигізбеңіз.
- ☐ EPSON Total Disc Monitor жасақтамасының аяқталған тапсырма дисплейі сәттіліктер (сәтті орындалған операциялар) санын, сәтсіздіктер санын және басылып шығарылған дисктер санын көрсетеді.

- ❑ Линза тазалағышы, затбелгі жапсырмасы немесе үстінде конденсациясы бар дисктерді пайдаланбаңыз, себебі ол механикалық қатенің немесе ақаудың орын алуына себеп боулы мүмкін.
- ❑ Егер компьютеріңіздің қолданыстағы файл жүйесі FAT болса, DVD/BD жазуды орындау мүмкін болмауы ықтимал.

Дисктерді көшіру бойынша сақтақтық шаралар

- ❑ MMC 4.0 үйлесімді пәрмендерді қолдайтын және көшіру үшін бас жетек ретінде MMC 4.0 жүйесіне сәйкес жұмыс істейтін CD/DVD жетегін пайдаланыңыз. (Операцияны өткізу үшін жарамды деп танылған жетектердің тізімін Epson веб-сайтынан қараңыз.)
- ❑ Тек PP-50BD үшін: MMC 5.0 үйлесімді пәрмендерді қолдайтын және BD көшіру үшін бас жетек ретінде MMC 5.0 жүйесіне сәйкес жұмыс істейтін BD жетегін пайдаланыңыз. (Операцияны өткізу үшін жарамды деп танылған жетектердің тізімін Epson веб-сайтынан қараңыз.)
- ❑ Пайдаланылған CD/DVD/BD бастапқы жетегіне байланысты CD/DVD/BD көшіру мүмкін болмауы ықтимал. Егер мәселелер туындаса, көшіру үшін басқа CD/DVD/BD бастапқы жетегін пайдаланып көріңіз.
- ❑ Егер бастапқы диск көпсеансты CD/DVD/BD болса, оны көшіру мүмкін болмайды.
- ❑ Егер бастапқы диск пакеттік жазба CD/DVD/BD болса, оны көшіру мүмкін болмайды.

Нарықта қолжетімді бағдарламалық жасақтама бумасымен дисктерде басып шығару

CD/DVD/BD басып шығаруға қолдау көрсететін және нарықта қолжетімді болған бағдарламалық жасақтама бумасымен CD/DVD/BD басып шығаратын болсаңыз, келесі параметрлерді орнатуыңыз қажет болады.

Өлшемі	124 x 124 мм
Түрі	CD/DVD затбелгісі, CD/DVD Premium затбелгісі немесе Epson тарапынан көрсетілген CD/DVD затбелгісі
Барлық жақтарындағы жиектер	2 мм

Штрих-код басып шығару бойынша хабарландыру


- ☐ Штрих-кодтар мен 2D кодтарын басып шығару кезінде Epson брэндінің сия картридждерін пайдаланыңыз.
- ☐ Epson тарапынан нұсқалмаған дисктерде штрих-кодтар мен 2D кодтарын басып шығару кезінде басылып шығарылған штрих-кодтардың немесе 2D кодтарының сканер тарапынан дұрыс оқылатынына көз жеткізіңіз.
- ☐ Штрих-кодтар мен 2D кодтарын басқа басып шығару деректерімен қабаттасатын жерлерге және басып шығару аймағынан асатын жерлерге орналастырмаңыз.
- ☐ Штрих-кодтар мен 2D кодтары ақпаратты білдіру үшін қара-ақ арақатынасын пайдаланады. Егер сия сіңімділігі қара-ақ арақатынасының нашарлауына себеп болатын болса, штрих-кодтар мен 2D кодтарының дұрыс оқылмауы мүмкін. Басылып шығарылған штрих-кодтардың немесе 2D кодтарының сканер тарапынан дұрыс оқылатынына көз жеткізіңіз.
- ☐ Екі бағыттық басып шығару арқылы басылып шығарылған штрих-код дұрыс оқылмаса, басып шығару басын туралап, содан кейін штрих-кодты басып шығарыңыз немесе штрих-кодты бір бағыттық басып шығару арқылы басып шығарыңыз.

Стандартты режим


Дисктерді енгізу

Дисктерді енгізу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Диск қақпағын ашыңыз.




2. 1-жинақтауышты шығарыңыз.



3. Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дисктер жиналымын желдетіңіз. Дисктердің жазу жағын жырып алмау үшін абай болыңыз.


4. Дисктерді басып шығару жағы жоғары қарап тұрған қалпында 1-жинақтауышқа енгізіңіз.




Сақтандыру:

Дисктерді жинақтауышта белгіленген нүктелі сызықтан асыра енгізбеңіз, дисктер немесе өнімдер зақымдалуы мүмкін.

5. 1-жинақтауышты енгізіңіз.



6. Диск қақпағын жабыңыз.



EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу

Дисктерді жинақтауыштың ішіне енгізуден кейін дисктерде жазу параметрлерін орнату үшін EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізіп, дисктерде басылып шығарылатын затбелгілерді жасаңыз.

Бастау (🔍) басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, одан кейін **EPSON Total Disc Maker** басыңыз.


EPSON Total Disc Maker пайдалану туралы мәлімет алу үшін Help мәзіріне өтіңіз.

Деректерді тіркеу

Келесі нұсқаулар дисктерге жазылатын деректерді қалай тіркеу керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.


2. Тізімнен жарияланатын дисктердің түрін таңдап, **Apply** түймесін басыңыз.



3. Файлдар мен қалталарды деректер тармағына немесе деректер тізіміне сүйреп апарыңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:


- ❑ **Auto Insert Data...** опциясын басу деректерді біріктіріп, жазуға мүмкіндік береді. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.
- ❑ EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен **Help** опциясын таңдаңыз.




Затбелгілерді жасау

Келесі нұсқаулар бағдарламалық жасақтамамен бірге қамтамасыз етілген шаблондардың көмегімен қалай затбелгі жасау керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының мәзір жолағындағы **Label** опциясын басыңыз.




2. **Template** қойындысын басып, тізімнен затбелгі дизайнын таңдап, одан кейін **Apply** түймесін басыңыз.



3. **Background, Edit Item** және **Layout** қойындыларында қажетінше өзгерістер жасаңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының **Help** (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:


*EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен **Help** опциясын таңдаңыз.*



Жинақтауыш параметрлерін орнату


Келесі нұсқаулар жинақтауыштарды қалай орнату керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының мәзір жолағындағы **Publish** опциясын басыңыз.
2. EPSON Total Disc Maker немесе EPSON Total Disc Setup жасақтамасының Publish экранында **Properties** опциясын басыңыз.



3. **Stacker Settings** орнатыңыз.

- ❑ **Publish Mode: Standard mode** таңдаңыз.
- ❑ **Stacker 1:** 1-жинақтауышқа сіз енгізген дисктердің түрін таңдаңыз.



4. **OK** түймесін басыңыз.

Дискілерді жариялау


Келесі нұсқаулар дисктерді қалай жариялау керектігін түсіндіреді.

1. Жариялау параметрлерін EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Publish экранында орнатыңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:

EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен Help опциясын таңдаңыз.

2. **Publish** түймесін басыңыз.



Жарияланған дисктер параметрлеріңізге қарай 2-жинақтауышқа немесе 3-жинақтауышқа шығарылады.

**Сақтандыру:**

- ❑ *PP-50BD үшін: Өнім дисктерді жариялап жатқан кезде қолданба дисктерді қосуға немесе алып тастауға нұсқау бермесе, диск қақпағын ашпаңыз. Бұл жазу сапасына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, өнімнен бипыл дыбысы шығып тұрған кезде оның ішіне қолыңызды салмаңыз, себебі тұтқа әлі де қозғалып жатады.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Егер тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, дыбыстық сигнал шығып, тапсырма уақытша тоқтатылады. Диск қақпағын жабу автоматты түрде тапсырманы жалғастырады.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Құрылғыдан дыбыстық сигнал шығып жатқан кезде жинақтауышты іске қоспаңыз, тұтқа зақымдалуы мүмкін.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Диск қақпағын ашу қажет болса, оны ашудан бұрын тапсырманы уақытша тоқтатып қойыңыз немесе мүлдем доғарыңыз.*
- ❑ *PP-50 үшін: Жұмыс жүріп жатқан кезде ("busy" индикаторы жыпықтап тұрған кезде) диск қақпағын ашқан болсаңыз, дискілерді енгізу немесе шығару секілді қандай да бір операцияны орындаудан бұрын ішкі жарықтың өшірілгеніне және тұтқаның қозғалуды тоқтатқанына көз жеткізіңіз. Тұтқа қозғалып жатқан кезде қолыңызды ішке салмаңыз немесе жинақтауыштарды іске қоспаңыз. Сонымен қатар, дискті ақырын ашып-жабыңыз.*
- ❑ *PP-50 үшін: Тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, тапсырма уақытша тоқтатылады. Диск қақпағын жабу автоматты түрде тапсырманы жалғастырады.*
- ❑ *Тапсырманы орындау кезінде сия картриджінің қақпағын ашпаңыз.*
- ❑ *Пайдаланылған диск немесе компьютерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан баяуырақ болуы мүмкін.*
- ❑ *Пайдаланылған дискке байланысты дисктің ұсынылған жазу жылдамдығын қолдану мүмкін болмауы ықтимал. Бұл жағдайда, жазу жылдамдығын азайтыңыз. Әсіресе, DVD±R DL және BD-R DL дисктерімен жұмыс істегенде баяу жылдамдықпен жазу ұсынылады.*

Ескертпе:


Егер тапсырманы орындау кезінде Windows өшіп қалса, Windows келесі кез қайта іске қосылған кезде тапсырманы жалғастыруға болады.

Төмен көлем режимі


Дисктерді енгізу

Дисктерді енгізу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Диск қақпағын ашыңыз.




2. 1-жинақтауышты шығарыңыз.



3. Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дисктер жиналымын желдетіңіз. Дисктердің жазу жағын жырып алмау үшін абай болыңыз.


4. Дисктерді басып шығару жағы жоғары қарап тұрған қалпында 1-жинақтауышқа енгізіңіз.




Сақтандыру:

Дисктерді жинақтауышта белгіленген нүктелі сызықтан асыра енгізбеңіз, дисктер немесе өнімдер зақымдалуы мүмкін.

5. 1-жинақтауышты енгізіңіз.




6. 2-жинақтауышты шығарыңыз.



7. Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дисктер жиналымын желдетіңіз. Дисктердің жазу жағын жырып алмау үшін абай болыңыз.


8. Дисктерді басып шығару жағы жоғары қарап тұрған қалпында 2-жинақтауышқа енгізіңіз.




Сақтандыру:

Дисктерді жинақтауышта белгіленген нүктелі сызықтан асыра енгізбеңіз, дисктер немесе өнімдер зақымдалуы мүмкін.

9. 2-жинақтауышты енгізіңіз.



10. Диск қақпағын жабыңыз.



EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу

Дисктерді жинақтауыштардың ішіне енгізуден кейін дисктерде жазу параметрлерін орнату үшін EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізіп, дисктерде басылып шығарылатын затбелгілерді жасаңыз.


Бастау (🌀) басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, одан кейін **EPSON Total Disc Maker** басыңыз.

EPSON Total Disc Maker пайдалану туралы мәлімет алу үшін Help мәзіріне өтіңіз.

Деректерді тіркеу

Келесі нұсқаулар дисктерге жазылатын деректерді қалай тіркеу керектігін түсіндіреді.


1. EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
2. Тізімнен жарияланатын дисктердің түрін таңдап, **Apply** түймесін басыңыз.



3. Файлдар мен қалталарды деректер тармағына немесе деректер тізіміне сүйреп апарыңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:


- ❑ **Auto Insert Data...** опциясын басу деректерді біріктіріп, жазуға мүмкіндік береді. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.
- ❑ EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен **Help** опциясын таңдаңыз.




Затбелгілерді жасау

Келесі нұсқаулар бағдарламалық жасақтамамен бірге қамтамасыз етілген шаблондардың көмегімен қалай затбелгі жасау керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының мәзір жолағындағы **Label** опциясын басыңыз.




2. **Template** қойындысын басып, тізімнен затбелгі дизайнын таңдап, одан кейін **Apply** түймесін басыңыз.



3. **Background, Edit Item** және **Layout** қойындыларында қажетінше өзгерістер жасаңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының **Help** (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:


*EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен **Help** опциясын таңдаңыз.*



Жинақтауыш параметрлерін орнату


Келесі нұсқаулар жинақтауыштарды қалай орнату керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының мәзір жолағындағы **Publish** опциясын басыңыз.
2. EPSON Total Disc Maker немесе EPSON Total Disc Setup жасақтамасының Publish экранында **Properties** опциясын басыңыз.



3. **Stacker Settings** орнатыңыз.

- ❑ **Publish Mode:** **Low-volume mode** таңдаңыз.
- ❑ **Stacker 1:** 1-жинақтауышқа сіз енгізген дисктердің түрін таңдаңыз.
- ❑ **Stacker 2:** 2-жинақтауышқа сіз енгізген дисктердің түрін таңдаңыз.



4. **OK** түймесін басыңыз.

Дискілерді жариялау


Келесі нұсқаулар дисктерді қалай жариялау керектігін түсіндіреді.

1. Жариялау параметрлерін EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Publish экранында орнатыңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:

EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен Help опциясын таңдаңыз.

2. **Publish** түймесін басыңыз.



Жарияланған дисктер 3-жинақтауышқа шығарылады.

**Сақтандыру:**

- ❑ *PP-50BD үшін: Өнім дисктерді жариялап жатқан кезде қолданба дисктерді қосуға немесе алып тастауға нұсқау бермесе, диск қақпағын ашпаңыз. Бұл жазу сапасына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, өнімнен бипыл дыбысы шығып тұрған кезде оның ішіне қолыңызды салмаңыз, себебі тұтқа әлі де қозғалып жатады.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Егер тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, дыбыстық сигнал шығып, тапсырма уақытша тоқтатылады. Диск қақпағын жабу автоматты түрде тапсырманы жалғастырады.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Құрылғыдан дыбыстық сигнал шығып жатқан кезде жинақтауышты іске қоспаңыз, тұтқа зақымдалуы мүмкін.*
- ❑ *PP-50BD үшін: Диск қақпағын ашу қажет болса, оны ашудан бұрын тапсырманы уақытша тоқтатып қойыңыз немесе мүлдем доғарыңыз.*
- ❑ *PP-50 үшін: Жұмыс жүріп жатқан кезде ("busy" индикаторы жыпықтап тұрған кезде) диск қақпағын ашқан болсаңыз, дискілерді енгізу немесе шығару секілді қандай да бір операцияны орындаудан бұрын ішкі жарықтың өшірілгеніне және тұтқаның қозғалуды тоқтатқанына көз жеткізіңіз. Тұтқа қозғалып жатқан кезде қолыңызды ішке салмаңыз немесе жинақтауыштарды іске қоспаңыз. Сонымен қатар, дискті ақырын ашып-жабыңыз.*
- ❑ *PP-50 үшін: Тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, тапсырма уақытша тоқтатылады. Диск қақпағын жабу автоматты түрде тапсырманы жалғастырады.*
- ❑ *Тапсырманы орындау кезінде сия картриджінің қақпағын ашпаңыз.*
- ❑ *Пайдаланылған диск немесе компьютерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан баяуырақ болуы мүмкін.*
- ❑ *Пайдаланылған дискке байланысты дисктің ұсынылған жазу жылдамдығын қолдану мүмкін болмауы ықтимал. Бұл жағдайда, жазу жылдамдығын азайтыңыз. Әсіресе, DVD±R DL және BD-R DL дисктерімен жұмыс істегенде баяу жылдамдықпен жазу ұсынылады.*

Ескертпе:


Егер тапсырманы орындау кезінде Windows өшіп қалса, Windows келесі кез қайта іске қосылған кезде тапсырманы жалғастыруға болады.

Кері оқу режимі (тек PP-50BD үшін)


Дисктерді енгізу

Оқылатын дисктерді енгізу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Диск қақпағын ашыңыз.




2. 1-жинақтауышты шығарыңыз.



3. Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дисктер жиналымын желдетіңіз. Дисктердің жазу жағын жырып алмау үшін абай болыңыз.


4. Дисктерді басып шығару жағы жоғарыға қарайтындай етіп 1-жинақтауышқа енгізіңіз.




Сақтандыру:

Дисктерді жинақтауышта белгіленген нүктелі сызықтан асыра енгізбеңіз, дисктер немесе өнімдер зақымдалуы мүмкін.

5. 1-жинақтауышты енгізіңіз.



6. Диск қақпағын жабыңыз.



EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізу

Дисктерді жинақтауышқа енгізгеннен кейін дисктерден деректерді кері оқу және деректерді сақтау параметрлерін орнату үшін EPSON Total Disc Maker жасақтамасына қол жеткізіңіз.

Бастау () басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, одан кейін **EPSON Total Disc Maker** басыңыз.


EPSON Total Disc Maker пайдалану туралы мәлімет алу үшін Help мәзіріне өтіңіз.

Кері оқу операциясын орнату

Келесі нұсқаулар кері оқу операциясын қалай орнату керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.


2. Тізімнен **Read Back** таңдап, **Apply** түймесін басыңыз.



3. Кері оқу параметрлерін орнатып, **Apply** басыңыз. Мәліметтерді, EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Ескертпе:


EPSON Total Disc Maker жасақтамасының анықтамасына қол жеткізу үшін Help мәзірінен **Help** опциясын таңдаңыз.




Жариялау режимін орнату

Келесі нұсқаулар жариялау режимін қалай орнату керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының мәзір жолағындағы **Publish** опциясын басыңыз.
2. EPSON Total Disc Maker немесе EPSON Total Disc Setup жасақтамасының Publish экранында **Properties** опциясын басыңыз.



3. **Publish Mode** үшін **Read Back mode** таңдаңыз.




4. **OK** түймесін басыңыз.

Дискілерді жариялау

Келесі нұсқаулар қалай жариялау керектігін түсіндіреді.

1. EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Publish экранында **Copies** үшін оқылатын дисктер санын орнатыңыз.
2. **Publish** түймесін басыңыз.



Жарияланған дисктер 2-жинақтауышқа шығарылады.

**Сақтандыру:**

- ❑ *Өнім дисктерді жариялап жатқан кезде қолданба дисктерді қосуға немесе алып тастауға нұсқау бермесе, диск қақпағын ашпаңыз. Бұл оқу сапасына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, өнімнен бипыл дыбысы шығып тұрған кезде оның ішіне қолыңызды салмаңыз, себебі тұтқа әлі де қозғалып жатады.*
- ❑ *Егер тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, дыбыстық сигнал шығып, тапсырма уақытша тоқтатылады. Диск қақпағын жабу автоматты түрде тапсырманы жалғастырады.*
- ❑ *Құрылғыдан дыбыстық сигнал шығып жатқан кезде жинақтауышты іске қоспаңыз, тұтқа зақымдалуы мүмкін.*
- ❑ *Диск қақпағын ашу қажет болса, оны ашудан бұрын тапсырманы уақытша тоқтатып қойыңыз немесе мүлдем доғарыңыз.*
- ❑ *Тапсырманы орындау кезінде сия картриджінің қақпағын ашпаңыз.*

Ескертпе:

Егер тапсырманы орындау кезінде Windows өшіп қалса, Windows келесі кез қайта іске қосылған кезде тапсырма жалғастырылады. Алайда, жетектегі диск қате диск ретінде шығарылады.


Дисктерді шығару

Жинақтауыштардан жарияланған/оқылған дисктерді шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1. Диск қақпағын ашыңыз.
2. Жинақтауышты тек шығару жинақтауышы 2-жинақтауыш болған кезде ғана шығарыңыз.
3. Жинақтауыштан жарияланған/оқылған дисктерді шығарыңыз. Шығару жинақтауышы жариялау режиміне байланысты өзгеріп отырады. Келесі кестені қараңыз.

Шығару жинақтауышы	Жариялау режимі	Дискілер саны
2-жинақтауыш	Стандартты режим Кері оқу режимі	Шамамен 50 дискке дейін
3-жинақтауыш	Стандартты режим Төмен көлем режимі	Шамамен 20 дискке дейін

2-жинақтауыш



3-жинақтауыш



Ескертпе:

- ❑ Шығару жинақтауышы толған кезде тапсырма уақытша тоқтатылады. Егер жарияланған дисктерді жинақтауыштан шығарсаңыз, тапсырма автоматты түрде жалғастырылады.
- ❑ Басылып шығарылған дисктерді пайдаланудан немесе олардың беткейлерін ұстаудан бұрын оларды құрғатыңыз. Epson тарапынан нұсқалған дисктердің кемінде 1 сағат бойына және басқа типтегі дисктердің кемінде 24 сағат бойына құрғауына мүмкіндік беріңіз.
- ❑ Егер басып шығару позициясы қисайған болса, оны принтер жетегінің көмегімен реттеңіз. Мәліметтерді принтер жетегінің анықтамасынан қараңыз.

- ❑ *Егер сия жан-жаққа жағылып қалатын болса, түс қанықтығын реттеңіз. Мәліметтерді принтер жетегінің анықтамасынан қараңыз.*


Жариялауды уақытша тоқтату

Егер жариялауды уақытша тоқтату қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Жариялауды бастаған кезде компьютер экранында EPSON Total Disc Monitor экраны пайда болады. Unfinished Job тізімінен уақытша тоқтатқыңыз келетін тапсырманы таңдап, Job мәзірінен **Pause Job** таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз.

Ескертпе:


- ❑ Егер жарияланып жатқан диск бар болса, тапсырма процесс аяқталғаннан кейін уақытша тоқтатылады.
- ❑ Тапсырма тоқтатылып тұрған кезде келесі тапсырмалардың ешбірін орындау басталмайды.



Жариялауды жалғастыру

Егер жариялауды жалғастыру қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз. Unfinished Job тізімінен жалғастырғыңыз келетін тапсырманы таңдап, Job мәзірінен **Resume Job** таңдаңыз немесе ► түймесін басыңыз.




Жариялауды доғару

Егер жариялауды доғару қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз. Unfinished Job тізіміндегі доғарғыңыз келетін тапсырманы таңдап, одан кейін Job мәзірінен **Cancel Job** опциясын таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Егер диск жарияланып жатқан болса, процесс тоқтап, диск шығару жинақтаушына шығарылады.




Басымдық бойынша жариялау

Бірден көп тапсырма жарияланып жатқан кезде қандай да бір тапсырманы басқа тапсырмалардан бұрын орындау қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз. Unfinished Job тізіміндегі басымдық бергіңіз келетін тапсырманы таңдап, Job мәзірінен **Priority Publishing** опциясын таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз. Таңдалған тапсырма ағымда орындалып жатқан тапсырмадан кейін орындалады.

Ескертпе:

Шүмек тексерісі, басып шығару басын туралау және басып шығару позициясын туралау секілді операциялардан бұрын ешбір операцияға басымдық берілмейді.



Сия картридждерін ауыстыру


Сия картриджінің күйін тексеру

Ескертпе:

- ❑ Epson компаниясы EPSON тарапынан жасалмаған сияның сапасына және сенімділігіне кепілдік бермейді.
- ❑ Сия картриджі төмендеген кезде күйі EPSON Total Disc Monitor жасақтамасында көрсетіледі.

Сия картриджінің күйін тексеру үшін келесіні орындаңыз:

- ❑ Тапсырманы бастаған кезде EPSON Total Disc Monitor автоматты түрде пайда боалды. Сия картриджінің күйін осы терезеден көруге болады. Сондай-ақ, EPSON Total Disc Monitor бағдарламалық жасақтамасын Бастау мәзірінен жүргізуге болады.
 - ➔ 98-беттегі "EPSON Total Disc Monitor пайдалану" қараңыз.



Ескертпе:

Егер өнімге орнатылған кез келген сия картриджі сынған, өнім үлгісімен үйлесімсіз немесе дұрыс орнатылмаған болса, EPSON Total Disc Monitor жасақтамасы сия картриджі күйінің нақты есептемесін көрсетпейді. Осындай кез келген сия картриджін өнім тарапынан қолдау көрсетілетін сия картриджімен ауыстырыңыз немесе орнатыңыз.

Сия картриджін ауыстыру бойынша сақтық шаралар

Сия картридждерін ауыстырудан бұрын осы бөлімдегі барлық нұсқауларды оқып шығыңыз.

- ☐ Барлық алты сия картриджін енгізіңіз. Тек бір сия картриджі ғана жоқ болса да өнім жұмыс істемейді.
- ☐ Бұл өнім әрбір картридж тарапынан пайдаланылған сияның мөлшерін бақылайтын ІС чипімен жабдықталған сия картридждерін пайдаланады. Шығарып алып, қайта енгізгеннен кейін де бұл картриджерді қолдануға болады. Алайда, картридждер әр енгізілген сайын біршама сия жұмсалады, себебі өнім автоматты түрде олардың сенімділігін тексереді.
- ☐ Сия беру портындағы клапан босатылуы мүмкін артық сияны қамту үшін жобаланған. Алайда, абайлап ұстау ұсынылады. Сия беру портын немесе оның айналасын ұстамаңыз.
- ☐ Келесі іс-шаралар кезінде сия жұмсалады: сия картриджі орнатылған күйде сия толтыру, басып шығару басын тазалау және жиі орындалатын автоматты тазалау.
- ☐ Сияны максималды шамада тиімді ету үшін сия картриджін тек сіз оны ауыстыруға дайын болған кезде шығарыңыз. Қайта енгізілген кезде сия деңгейлері төмен болған сия картридждері пайдаланылмайды.
- ☐ Сия картридждерін қайта толтырмаңыз. Epson тарапынан өндірілмеген басқа өнімдер Epson кепілдіктері тарапынан қамтылмайтын ақаулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін және кейбір белгілі жағдайларда өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- ☐ Сия картридждерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалардың сияны ішуіне немесе қолдарымен ұстауына жол бермеңіз.
- ☐ Пайдаланылған сия картридждерін ұстаған кезде абай болыңыз, себебі сия беру портында сия қалып қалуы мүмкін. Егер сия теріңізге тисе, тиген аймақты жақсылап сабынмен және сумен жуыңыз. Егер сия көзіңізге кіріп кетсе, көзіңізді дереу сумен шайыңыз. Егер көзіңізді жақсылап шайғаннан кейін де жайсыздық сезсеңіз немесе көру қабілетіңіз нашарласа, дереу дәрігерге барыңыз.

- ❑ Epson түпнұсқа Epson сия картридждерін пайдалануды ұсынады. Түпнұсқа емес сия Epson кепілдіктері тарапынан қамтылмайтын ақаулардың пайда болуына әкелуі болуы мүмкін және кейбір белгілі жағдайларда өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болады.
- ❑ Өнімге орнатуға дайын болғанға дейін сия картриджінің бумасын ашпаңыз.
- ❑ Бумаларды ашқаннан кейін сия картридждерін алты ай бойына пайдалануға болады.
- ❑ Ауысымдық сия картриджіне қол жеткізгенге дейін ескі сия картриджін өнімнің ішінде орнатулы қалыпта қалдырыңыз, өзге жағдайда басып шығару басының шүмектерінде қалған сия кеуіп қалуы мүмкін.
- ❑ Басқа картридждерде әлі де сия бар болып, бір сия картриджінің ауыстыру уақыты жеткен болса, ол сия картриджімен басып шығаруды жалғастыра алмайсыз. Басып шығарудан бұрын пайдаланылған картриджді ауыстырыңыз.
- ❑ Сиямен толтыру кезінде (Қуат жарығы жыпықтайды) өнімді өшірмеңіз немесе сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Қақпақтарды ашу сияны қайта толтыруға себеп болуы мүмкін, солайша сия артық шамада жұмсалып кетеді. Сондай-ақ, қалыпты басып шығару жұмысына кедергі келуі мүмкін.
- ❑ Егер сия картриджі дұрыс орнатылып, сонда да танылмаса, жасыл тізбек тақтасына кір тиген болуы мүмкін. Картриджді шығарып алып, тізбек тақтасын жұмсақ шүберекпен сүртіп, оны қайта орнатыңыз.
- ❑ Өнімнің түс реттемесі өзіндік Epson сия картридждерінің қолданысына негізделген. Өзіндік емес сия картридждерін пайдалану басып шығару сапасының нашарлап, өнім жұмысының оңтайлы орындалмауына әкелуі мүмкін.
- ❑ Сия шамы жыпықтаса немесе жанса, бұл, картридждің дұрыс орнатылмағанын білдіреді. Дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- ❑ Егер сия картриджін орнату қалыпты басып шығаруды қамтамасыз етпесе, 3 секунд бойына Cleaning (Тазалау) түймесін басып тұрыңыз. Егер бұл, мәселені шешпесе, процесті 1 немесе 2 рет қайталаңыз.
- ❑ Қуат түймесінің көмегімен өнімді өшіру арқылы басып шығару басы сияны кебуден қорғау үшін автоматты түрде жабылады. Сия картридждерін енгізгеннен кейін қолданыста болмаса, Қуат түймесін өшіргеніңізге көз жеткізіңіз. Қуат қосулы болған кезде қуат кабелін суырмаңыз және үзгішті өшірмеңіз.
- ❑ Сия картридждерін орнатқаннан кейін жылжытсаңыз немесе тасымалдасаңыз, сия картридждері орнатылған күйде жылжытып, тасымалдаңыз.

Сия картриджін ауыстыру

Ескертпе:

- ❑ Өнімге орнатуға дайын болғанға дейін сия картриджінің бумасын ашпаңыз.
- ❑ Әрбір сия картриджінің күйін растау үшін келесі бөлімді қараңыз:
- ➔ 98-беттегі “EPSON Total Disc Monitor пайдалану” қараңыз.

Бұл кесте шамдардың күйлерін және орындау керек болған іс-шараларды сипаттайды.

Шам жарықтары	Іс-шара
	Сия деңгейі төмен. Ауысымдық сия картриджін алыңыз.
	Сия картриджін ауыстыру уақыты келді. Пайдаланылған сия картриджін жаңасымен ауыстырыңыз.

 жыпықтауда  : қосулы

Сия картриджін ауыстыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз:




Сақтандыру:

Басқасымен ауыстыруға дайын болмасаңыз, өнімнен картриджді шығармаңыз.

Ескертпе:

Суретте ашық қызылкүрең түсіндегі сия картриджінің ауыстырылуы көрсетілген, бірақ нұсқаулар барлық картридждер үшін бірдей.


1.   Қуат жарығының қосулы болып, бірақ жыпықтамай тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Сия картриджінің қақпағын ашыңыз.




Ескертпе:

Сия картриджін алудан бұрын кемінде 4 секунд бойы күте тұрыңыз. Әйтпесе, сия шашырап кетуі мүмкін.

3. Пайдаланылған картриджді ішке қарай итеріп жіберсеңіз, ол сыртқа қарай сәл қалқып шығады.



4. Пайдаланылған картриджді ұядан абайлап тартыңыз. Жойған кезде тиісінше жойыңыз.




5. Жаңа сия картриджін бумадан шығарыңыз.




Сақтандыру:

- ❑ Картридждің бүйіріндегі жасыл ІС чипін ұстамаңыз. Бұл сия картридждің зақымдауы мүмкін.




- ❑ Әрқашан сия картриджді ескі сия картриджді шығарғаннан кейін дереу енгізіңіз. Егер картридж дұрыс орнатылмаған болса, басып шығару басы құрғап, басып шығару мүмкін болмай қалуы ықтимал.
- ❑ Сия картриджді қайта толтырмаңыз. Epson тарапынан өндірілмеген басқа өнімдер Epson кепілдіктері тарапынан қамтылмайтын ақаулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін және кейбір белгілі жағдайларда өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

6. Жаңа сия картриджді ұяға енгізіңіз. Одан кейін сия картриджді шертілгенше өз орнына итеріңіз.



7. Картридждерді ауыстыруды аяқтағаннан кейін сия картриджінің қақпағын ашыңыз.



Басып шығару басының шүмектерін тексеру

Басып шығару кенет ағарыңқы немесе кейбір нүктелердің жоқ екенін байқасаңыз, басып шығаратын басының шүмектерін тексеру арқылы мәселені анықтай аласыз.

Басып шығару басының шүмектерін nozzle check утилитасы арқылы компьютеріңізден тексеруіңізге болады.

Nozzle Check утилитасын пайдалану

Nozzle check утилитасын қолдану үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1. Басылып шығарылмаған диск 1-жинақтауышқа орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Шамдар қателерді көрсетпей тұрғанына және диск қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
3. Принтер драйверіне қол жеткізіңіз.

22-беттегі “Принтер драйверіне қол жеткізу” бөлімін қараңыз.


4. **Utility** қойындысын басыңыз, содан кейін **Nozzle Check** түймесін басыңыз.
5. Экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Төменде шүмек тексерісінің екі үлгісі берілген.

Төменде көрсетілген үлгімен басылып шығарылған тексеріс бетінің сапасын салыстырыңыз. Сынақ жолақтарында бос қалған орындар немесе жоқ болған сегменттер секілді басып шығару сапасына байланысты мәселелердің ешбірі болмаса, басып шығару басының өте жақсы болғаны.



Егер төменде көрсетілгендей басылып шығарылған жолақтардың қандай да бір сегменті болмаса, бұл сия шүмегінің бітеліп қалғанын білдіруі мүмкін.



➔ 82-беттегі “Басып шығару басын тазалау” қараңыз.

Басып шығару басын тазалау

Егер күтпеген жерден басылымның ағарыңқы екенін немесе кейбір нүктелердің жоқ екенін байқасаңыз, бұл мәселелерді басып шығару басын тазалау арқылы шешуге болады, бұлай жасау шүмектердің сияны біркелкі етіп тарататынына сенімді етеді.

Басып шығару басын компьютеріңізден принтер драйверіндегі head cleaning утилитасының немесе өнімнен түймелердің көмегімен тазалай аласыз.



Сақтандыру:

- ❑ Басып шығару басын тазалау кезінде сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Егер сия картриджінің қақпағы ашылса, басып шығару басын тазалау тоқтатылады.
- ❑ Басып шығару басы сия жұмсайды. Басып шығару басын тым асыра тазалау сия картриджінің жарамдылық мерзімін қысқартады.

Ескертпе:


- ❑ Басып шығару басын тек басып шығару сапасы нашарлаған кезде, мысалы, басылым көмескілеу болса немесе түс дұрыс шықпаса не мүлдем шықпаса ғана тазалаңыз.
- ❑ Басып шығару басын тазалау керек екенін растау үшін, алдымен nozzle check утилитасын пайдаланыңыз. Бұл сияны сақтайды.
- ❑ Сия деңгейі төмен болса, басып шығару басын тазалау мүмкін болмауы ықтимал. Сияны ауыстыру уақыты келіп жеткен кезде басып шығару басын тазалау мүмкін болмайды. Алдымен тиісті сия картриджін ауыстырыңыз.

Head Cleaning утилитасын пайдалану

<Қалыпты>



<Бітелген>



Басып шығару басын head cleaning утилитасының көмегімен тазалау үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Өнімнің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Шамдар қателерді көрсетпей тұрғанына және диск қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
3. Принтер драйверіне қол жеткізіңіз.

22-беттегі “Принтер драйверіне қол жеткізу” бөлімін қараңыз.

4. **Utility** қойындысын басыңыз, содан кейін **Head Cleaning** түймесін басыңыз.
5. Экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Өнім тазалау циклін орындап жатқан кезде ○ ① Қуат жарығы жыпықтайды.



Сақтандыру:

○ ① Қуат жарығы жыпықтап тұрған кезде ешқашан өнімді өшірмеңіз. Олай жасау өнімді зақымдауы мүмкін.

Ескертпе:

- ❑ Бұл рәсімді шамамен төрт рет қайталағаннан кейін өнімді өшіріп, кемінде алты сағат бойы күте тұрыңыз. Одан кейін шүмек тексерісін қайта орындап, қажет болса, басып шығару басын қайта тазалаңыз.
- ❑ Егер басып шығару сапасы әлі де жақсармаған болса, сия картридждерінің кемінде біреуі ескі немесе зақымдалған болып, ауыстыруды қажет етуі мүмкін.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.

Өнім түймелерін пайдалану

Өнім түймелерінің көмегімен басып шығару басын тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Компьютердің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Өнімнің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Шамдар қателерді көрсетпей тұрғанына және диск қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
4. ○  ① Тазалау түймесін үш секунд бойына басып, ұстап тұрыңыз.

Өнім басып шығару басын тазалауды бастап, ○ ① Қуат жарығы жыпықтай бастайды.



Сақтандыру:

○ ① Қуат жарығы жыпықтап тұрған кезде ешқашан өнімді өшірмеңіз. Олай жасау өнімді зақымдауы мүмкін.

5. ○ ① Қуат жарығы жыпықтауды тоқтатқан кезде басып шығару басының таза екенін растау үшін шүмекті тексеру үлгісін басып шығарыңыз.
➔ 80-беттегі “Басып шығару басының шүмектерін тексеру” қараңыз.

Ескертпе:

- ❑ Бұл рәсімді шамамен төрт рет қайталағаннан кейін өнімді өшіріп, кемінде алты сағат бойы күте тұрыңыз. Одан кейін шүмек тексерісін қайта орындап, қажет болса, басып шығару басын қайта тазалаңыз.
- ❑ Егер басып шығару сапасы әлі де жақсармаған болса, сия картридждерінің кемінде біреуі ескі немесе зақымдалған болып, ауыстыруды қажет етуі мүмкін.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.

Басып шығару басын туралау

Тік сызықтардың немесе көлденең жолақтың үйлеспеуін байқасаңыз, бұл мәселені принтер драйверіңіздегі print head alignment утилитасының көмегімен шеше аласыз.

Ескертпе:

Диск қалыңдығы өндірушісіне байланысты түрленуі мүмкін. Әртүрлі қалыңдықтардағы дисктерді пайдалану басып шығару басының тұрасыздануына әкелуі мүмкін. Басып шығару басының туралауын тексеру және реттеу үшін, print head alignment утилитасын пайдаланыңыз. Бірнеше дискті жариялау кезінде бірдей өнім мен дисктер түрін пайдалану ұсынылады.

Print Head Alignment утилитасын пайдалану

Print head alignment утилитасының көмегімен басып шығару басын туралау үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Басылып шығарылмаған дисктің 1-жинақтауышқа енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Шамдар қателерді көрсетпей тұрғанына және диск қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
3. Принтер драйверіне қол жеткізіңіз.

22-беттегі “Принтер драйверіне қол жеткізу” бөлімін қараңыз.

4. **Utility** қойындысын басыңыз, содан кейін **Print Head Alignment** түймесін басыңыз.
5. Басып шығару басын туралау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**Сақтандыру:**

- ❑ *Бастапқы реттемеден кейін растау экранында мән енгізген кезде бастапқы мән мен енгізілген мәnniң қосындысының көмегімен реттеме жасалады. Реттеу мәнін жою үшін, Reset түймесін таңдап, Exit түймесін басыңыз.*
- ❑ *Егер жоғарыда сипатталғандай басып шығару басын туралағаннан кейін затбелгілік басып шығару беткейі диск центрімен тураланбаған болса, басылым басып шығару беткейімен салыстырғандағы туралау аймағынан тыс жерде орын алады.*

Басып шығару позициясын түзету

Тік күйдегі басып шығару позициясының үйлеспеуін байқасаңыз, осы мәселені принтер драйверіңіздегі "correcting the printing position" утилитасының көмегімен шеше аласыз.

***Correcting the Printing Position* утилитасын пайдалану**

Тік және көлденең басып шығару позициясын Correcting the printing position утилитасының көмегімен реттеу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Басылып шығарылмаған дисктің 1-жинақтауышқа енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Шамдар қателерді көрсетпей тұрғанына және диск қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
3. Принтер драйверіне қол жеткізіңіз.

22-беттегі "Принтер драйверіне қол жеткізу" бөлімін қараңыз.

4. **Utility** қойындысын басыңыз, содан кейін **Correcting the Printing Position** түймесін басыңыз.
5. Тік және көлденең басып шығару позициясын реттеу үшін, экрандық нұқсаулықтарды қараңыз.

Өнімді тазалау

Өнімнің сыртқы жағын тазалау


Өніміңіздің жақсы жұмыс істеу қалпын сақтау үшін, келесі процедураны қолданып, жылына бірнеше рет мұқият тазалап отырыңыз.



Сақтандыру:

- ❑ *Өнімді тазалау үшін, спирт немесе еріткішті ешқашан пайдаланбаңыз. Бұл химиялық заттар өнімді зақымдауы мүмкін.*
 - ❑ *Өнімнің ішіне судың кіруін болдырмаңыз. Ылғалдық, кір немесе басқа да заттар өнімнің ішіне кірсе, басып шығарудың сапасына әсерін тигізуден бұрын, ол электр сымдарының қысқа тұйықталуына алып келуі мүмкін.*
1. Өнім және барлық шамдар өшірулі екеніне көз жеткізіңіз, содан кейін қуат сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.
 2. Кез келген шаң немесе кірді жою үшін, жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.

Егер кір кетпесе, оны жұмсақ жуу құралымен суланған жұмсақ, таза шүберектің көмегімен тазалаңыз. Содан кейін, өнімнің сыртқы жағын құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.



Ескертпе:

- ❑ *Өнімді тазалағаннан кейін өнімді шаңнан қорғау үшін, диск қақпағын жабыңыз.*
- ❑ *Өнімнің артқы жағында орналасқан сүзгіні жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Келесі бөлімді қараңыз.*

Өнімнің ішкі жағын тазалау

Шыққан басылымдарыңызды жақсы қалпында сақтау үшін, келесі процедураны пайдалану арқылы өнімнің ішкі жағын тазалаңыз.

1. Өнім және барлық шамдар өшірулі екеніне көз жеткізіңіз, содан кейін қуат сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.
2. Диск қақпағын ашып, жинақтауыштарды өнімнен шығарып алыңыз.
3. Қабылдағыштардан немесе өнімнің ішкі жағынан кез келген шаңды немесе кірді мұқият жою үшін, жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.
4. Қабылдағыштарды қайта орнына орналастырыңыз.




Сақтандыру:

- ❑ *Электронды құрамдастарына судың тиіп кетуін болдырмаңыз.*
- ❑ *Өнімнің ішкі жағына майлайтын материалдарды шашпаңыз.*
- ❑ *3 немесе 4-жинақтауышта жиналған кірді бейтарап жуғыш затпен суланған таза, жұмсақ шүберекпен сүрту керек.*


Сүзгіні тазалау

Өнімнің артқы жағында орналасқан сүзгіні алты айда бір рет тазалап тұрыңыз.

1. Өнім және барлық шамдар өшірулі екеніне көз жеткізіңіз, содан кейін қуат сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.
2. Сүзгі қақпақтарын ашу үшін, олардың бұрандаларын босатып, алыңыз.




3. Сүзгілерді сүзгі қақпақтарынан алыңыз.




4. Сүзгілердегі шаңды шаңсорғыштың көмегімен тазалаңыз.

5. Сүзгілерді қайта орнына орналастырыңыз.



6. Сүзгі қақпақтарын жабу үшін, бұрандаларды бекітіңіз.



Сақтандыру:

Сүзгіні жиі тазалап тұрыңыз (алты айда бір рет).

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат алу

Басылып шығарылған дисктердің жалпы саны және жетектің қызмет көрсету мерзімі сияқты өнімге техникалық қызмет және қолдау көрсету туралы пайдалы ақпарат ала аласыз.

1. Өнімнің USB кабелі арқылы компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. **Бастау** () түймесін басыңыз, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басыңыз, содан кейін **EPSON Total Disc Setup** басыңыз.
3. CD/DVD/BD Publisher таңдаңыз, содан кейін **Properties** басыңыз.
4. **Maintenance Info** қойындысын басыңыз.

Ескертпе:

Service life of Drive 100% жуық болған кезде, оны ауыстыру уақыты келді.

Өнімді тасымалдау

Өнімді белгілі бір қашықтыққа тасымалдау қажет болса, мұқият дайындаңыз және қабына қайта ораңыз. Өзіндік қорабы мен орау материалдарын пайдаланыңыз.



Ескерту:

Өнім ауыр болғандықтан, екі адам көтеруі керек.



Сақтандыру:

❑ Өнімді сақтау немесе тасымалдау кезінде, оны еңкейтпеңіз, тік күйде қоймаңыз немесе төңкермеңіз. Өнімді тасымалдау қажет болса, өнімді соққыдан қорғау үшін, өзіндік қорабы мен орау материалдарының көмегімен өнімді мұқият дайындаңыз және ораңыз.


❑ Сия картридждерін орнатылған күйде қалдырыңыз. Картридждерді алып тастау басып шығару басын құрғатып, өнімнің басып шығару жұмысына кедергі жасауы мүмкін.

1. Өнімді өшіріңіз және қуат сымын ажыратыңыз.
2. Интерфейс кабелін ажыратыңыз.
3. Жинақтауыштардан барлық дисктерді алыңыз.
4. Сия картриджінің қақпағын ашыңыз. Сия картридждерін таспамен бекемдеңіз, содан кейін сия картриджінің қақпағын жабыңыз.

5. Диск қақпағын жабыңыз. Оны таспамен бекемдеңіз.
6. Өнімнің екі жағына да қорғауыш материалдарын тіркеңіз.
7. Өнімді және құрал-жабдықтарды бастапқы қорапқа қайта ораңыз.

Ескертпе:

- ❑ Өнімді тасымалдау барысында түзу ұстаңыз.
- ❑ Өнімді қайта пайдаланудан бұрын қорғауыш материалдары мен таспаны алып тастаңыз.
- ❑ Өнімді, төменде көрсетілгендей, дұрыс күйде көтеріңіз.



Ақауды жою

Ақауды тексеру

Өнім ақауларын жою екі қадамда орындалады: алдымен ақауды зерттеңіз, содан кейін мәселе шешілгенше, ұсынылған шешімдерді жүзеге асырыңыз.

Жалпы мәселелерді зерттеп, оларды шешуге қажетті ақпаратты Анықтамадан, басқару панелінен және EPSON Total Disc Monitor утилитасынан табуға болады. Төмендегі сәйкес бөлімге қараңыз.

Жариялау сапасына қатысты белгілі бір ақау болса, жариялау сапасына қатысы жоқ мәселе немесе қағазды салу ақауы, немесе өнім мүлдем жарияламаса, тиісті бөлімді қараңыз.

Ақауды жою үшін жариялауды доғару қажет болуы мүмкін.

➔ 71-беттегі “Жариялауды доғару” қараңыз.

Қате индикаторлары

Өнімдегі шам жарықтарының көмегімен көптеген жалпы мәселелерді айқындауға болады. Егер өнім жұмыс істеуді тоқтатса және шам жарықтары қосулы не жыпықтауда болса, мәселені зерттеу үшін келесі кестені қолданыңыз; одан кейін ұсынылған түзетімдік шараларды жүзеге асырыңыз.

Ескертпе:

Қате орын алғаннан кейін жұмысқа байланысты индикатор жарықтарының жағдайы өзгеруі мүмкін.

● : қосулы, ○ : өшірулі, ○ : жыпықтауда, ● : жылдам жыпықтауда

Қақпақпен байланысты болған қате

Шам жарықтары						Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері	
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2		3
●	○	●	○	○	○	○	Диск қақпағы немесе сия картриджінің қақпағы ашық Қақпақтарды жабыңыз. Жұмысты орындау кезінде диск қақпағы немесе сия картриджінің қақпағы ашық болғандықтан, жұмыс уақытша тоқтатылды. Жұмыстың жалғасуын күтіңіз.

Дискті тасымалдаумен байланысты қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	●	○	○	○	○	Дискті қапсыру қатесі Мәселені келесідей шешіңіз. 1. Диск қақпағын ашып, енгізу жинақтауышының ішіндегі дискілерді желдетіңіз. 2. Диск қақпағын жауып, дискті жариялауды қайталаңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз.
							Көп беріліс қатесі Мәселені келесідей шешіңіз. 1. Диск қақпағын ашыңыз. 2. Жетек науасынан да, принтер науасынан да дисктерді алып тастаңыз. 3. Дисктің жабысып қалуын болдырмау үшін енгізу жинақтауышындағы дисктерді желдетіңіз. 4. Басқа дисктерді енгізу жинақтауышына салыңыз. 5. Диск қақпағын жауып, дискті жариялауды қайталаңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз.

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	●	○	○	○	○	Дискті тасымалдау қатесі Өнімді өшіріп, дискті алып тастаңыз. Егер бірдей қате орын ала берсе, дилеріңізбен хабарласыңыз.
							Тұтқа дискті босата алмады Өнімді өшіріп, дискті алып тастаңыз. Егер тұтқа дискті қапсырып алып жатқан болса, дискті тұтқадан қолмен шығармаңыз. Бұлай жасау тұтқаны зақымдауы мүмкін. Дискті тұтқадан алып тастау үшін өнімді қайта қосып, қайта іске қосу процесінде дисктің өздігінен шығуына мүмкіндік беріңіз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз.
							Ішкі қате Өнімді өшіріп, іште қандай да бір бөгде нысанның жоқтығын тексеріңіз, одан кейін өнімді қайта қосыңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз. Егер тұтқа дискті қапсырып алып жатқан болса, дискті тұтқадан қолмен шығармаңыз. Бұлай жасау тұтқаны зақымдауы мүмкін. Дискті тұтқадан алып тастау үшін өнімді қайта қосып, қайта іске қосу процесінде дисктің өздігінен шығуына мүмкіндік беріңіз.

Жинақтауышпен байланысты болған қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	●	○	●	○	○	1-жинақтауыш дұрыс енгізілмеді 1-жинақтауыштың дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
●	○	●	○	○	●	○	2-жинақтауыш дұрыс енгізілмеді 2-жинақтауыштың дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	○	○	●	○	○	1-жинақтауыш бос Дисктерді 1-жинақтауышқа енгізіңіз. Ескертпе: Бастапқы жинақтауыш дисктерден тыс болған кезде Жинақтауыш шамы жыпықтайды, алайда, жарықтың жану мерзімі босап жатқан жинақтауыштың мерзіміне сәйкес келмейді.
●	○	○	○	○	●	○	2-жинақтауыш бос Дисктерді 2-жинақтауышқа енгізіңіз. Ескертпе: Бастапқы жинақтауыш дисктерден тыс болған кезде Жинақтауыш шамы жыпықтайды, алайда, жарықтың жану мерзімі босап жатқан жинақтауыштың мерзіміне сәйкес келмейді.
●	○	●	○	●	○	○	1-жинақтауыш шамадан тыс толы Дисктер қызыл жолақтан төмен болатындай етіп дисктерді алып тастаңыз.
●	○	●	○	○	●	○	2-жинақтауыш шамадан тыс толы Дисктер қызыл жолақтан төмен болатындай етіп дисктерді алып тастаңыз.
●	○	●	○	○	○	●	3-жинақтауыш шамадан тыс толы 3-жинақтауыштан барлық дисктерді алып тастаңыз.
●	○	○	○	○	●	○	2-жинақтауыш толы 2-жинақтауыштан жарияланған дисктерді алып тастаңыз.
●	○	○	○	○	○	●	3-жинақтауыш толы 3-жинақтауыштан жарияланған дисктерді алып тастаңыз.

Сияға байланысты қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	○	●	○	○	○	Сия деңгейі төмен Ауысымдық сия картриджін алыңыз. Қай картридждің төмен екенін айқындау үшін сия картриджінің күйін тексеріңіз. 73-беттегі “Сия картриджінің күйін тексеру” бөлімін қараңыз.
●	○	○	●	○	○	○	Сияның ауыстыру мерзімі келіп жетті немесе ол дұрыс орнатылмаған. Сия картриджін ауыстырыңыз немесе оны қайта орнатыңыз. Егер сия картриджі дұрыс орнатылған жағдайда да танылмаса, жасыл тізбек тақтасында кір болуы мүмкін. Оны жұмсақ шүберекпен сүртіп, қайта орнатыңыз. Басып шығару басының сапасын сақтау үшін өнім сия толық бітпей тұрып-ақ жұмысын тоқтатады. Сондықтан, сия картриджінде біршама сия қалады. Epson-ның түпнұсқалы сия картриджін пайдалану ұсынылады.
●	○	○	●	○	○	○	Сия картриджі толық енгізілмеді. Барлық сия шамдары қосұлы. Сия картридждерін тексеріп, олардың толық енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

Принтерге байланысты қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	●	●	●	●	●	●	Сия көпшігі толы Сия жастықшасын тек Epson-ның өкілетті қызмет көрсету орталығынан алыңыз. Жастықша толы және құрылғы енді жұмыс істемейді. Өнімге өз бетіңізбен техникалық қызмет көрсетуге талпынбаңыз. Ескертпе: Егер сия картриджі толуға жақын болса, бағдарламалық жасақтама тарапынан "Ink Pad Nearly Full" ("Сия жастықшасы толуға жақын") хабары көрсетіледі. Оны көрсететін ешбір шам жарығы болмайды. Сия жастықшасын тек Epson-ның өкілетті қызмет көрсету орталығынан алыңыз. Жастықша толуға жақын және ол толған кезде құрылғы жұмыс істеуді тоқтатады. Өнімге өз бетіңізбен техникалық қызмет көрсетуге талпынбаңыз.
							Принтерге техникалық қызмет көрсету қатесі Принтерге техникалық қызмет көрсету қатесі орын алды. Өнімді өшіріп, дилеріңізбен хабарласыңыз.
○	○	○	○	○	○	○	Ішкі қате Өнімді өшіріп, іште қандай да бір нысанның бар-жоғын тексеріңіз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз. ❑ Қате орын алғаннан кейін өнімді өшірулі қалпында қалдыру басып шығару басының қоқыстануына әкелуі мүмкін. Өнім өшіп қалғаннан кейін оны дереу қосыңыз. ❑ Егер қате орын алғаннан кейін жапсырманы басып шығаруды жалғастыратын болсаңыз, шүмек тексерісін орындап, басып шығару басының күйін растаңыз. ❑ Егер жариялау басталмаса, басып шығару спулерінде басып шығару тапсырмасының қалып-қалмағанын тексеріп, барлық басып шығару тапсырмаларын жойыңыз.

Жетекпен байланысты болған қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
							Жетек науасы ашық/жабық қатесі Өнімді өшіріңіз, қуат кабелін суырыңыз және одан кейін іште қандай да бір нысанның бар жоғын тексеріңіз. Одан кейін, дискті жариялауды қайталаңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз. Ішкі жетек қатесі Өнімді өшіріңіз, қуат кабелін суырыңыз және одан кейін жетектің ішін тексеріңіз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз.
							Жазу/оқу қатесі Қате көп рет орын алып, біршама талпыныстар жасалса да, оны жою мүмкін болмады. Дискте мәселе туындаған болуы мүмкін. Дискті ауыстырып, жұмысты жалғастырыңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз. Жарамсыз диск қатесі Дисктің бүтін болмауы немесе дискте жеткілікті шамада бос орынның болмауы секілді жарамсыз диск қатесі орын алды. Немесе, жинақтауышқа енгізілген диск сіз EPSON Total Disc Setup Properties диалогтік терезесінде орнатқан диск түрінен өзгеше. Қате көп рет орын алып, біршама талпыныстар жасалса да, оны жою мүмкін болмады. Дисктің бүтін екенін және зақымдалмағанын тексеріңіз. Одан кейін, EPSON Total Disc Setup Properties диалогтік терезесінде жинақтауышқа енгізілген дискпен бірдей болған дискті белгілеңіз. Егер сіз тиісті дискті қолданған жағдайда да жиі-жиі қате орын ала беретін болса, дилермен хабарласыңыз.

Басқа қате

Шам жарықтары							Жағдайлар/Ақауларды түзету әдістері
Қуат	Жұмыс орындалуда	Қате	Сия	Жинақтауыш			
				1	2	3	
●	○	●	○	○	○	○	Дұрыс емес күй қатесі Өнімді өшіріп, қайтып қосыңыз. Осы қате жиі қайталанып тұрса, дилеріңізбен хабарласыңыз.

EPSON Total Disc Monitor

Жариялау кезінде мәселе туындаса, EPSON Total Disc Monitor терезесінде қате хабары пайда болады.

Егер өнімнің ішкі бөлшектерінің жарамдылық мерзімінің бітуге жақын екені туралы немесе қалдық сия көпшігінің толғаны туралы қате хабары пайда болса, оны ауыстыру үшін дилеріңізбен хабарласыңыз.

Өнім күйін тексеру


EPSON Total Disc Monitor пайдалану

EPSON Total Disc Monitor өнім күйі бойынша толық мәліметті ақпаратты көрсетеді.

EPSON Total Disc Monitor қолданбасына қол жеткізудің үш жолы бар:

- ☐ Өнімге тапсырма жіберген кезде EPSON Total Disc Monitor пайда болады.
- ☐ EPSON Total Disc Maker терезесінде **Publish** түймесін басыңыз. Tool мәзірінен **Start Total Disc Monitor** таңдаңыз.
- ☐ **Бастау** (🌐) басып, **Барлық бағдарламаларда** нұсқап, **EPSON Total Disc Maker** басып, одан кейін **EPSON Total Disc Monitor** басыңыз.

EPSON Total Disc Monitor қолданбасына кірген кезде келесі терезе пайда болады:



EPSON Total Disc Monitor келесі ақпаратты береді:

❑ **Тапсырмалар тізімі:**

Тапсырмалар тізімін (Unfinished Job үшін 1000-ға дейін және Finished Job үшін 50-ге дейін) және оның ақпаратын тексеруге, сондай-ақ, аяқталмаған тапсырмаларды доғаруға, тоқтата тұруға және қайта іске қосуға болады.

❑ **Пайдалану нұсқаулығы:**

Бұл, құрылғының күйі туралы ақпарат береді. Ол сондай-ақ, жариялау сапасын жақсарту үшін қате хабарлары секілді пайдалы кеңестерді де көрсетеді.

❑ **Сия картриджінің күйі:**

Бұл сия картриджі күйінің графикалық көрсетілімін береді.

Ескертпе:

Printable copies - бір жапсырманы соңғы кездегідей басып шығару кезінде нақ осы уақыттан басып шығаруға болатын жапсырмалар санына негізделген шамалас мән болып табылады. Бұл мән басып шығару дерегі және басып шығару ортасы секілді ықпалдар нәтижесі ретінде шынайы мәннен өзгешеленуі мүмкін. 1000-ға дейінгі мән "1000 or more" диск ретінде және 1000-ға дейінгі мән 10 инкрементімен көрсетіледі.

❑ **Жетек, принтер, жинақтауыш күйі**

Бұл жетектің, принтердің және жинақтауыш күйінің графикалық көрсетілімін береді. Ол сондай-ақ, қатенің қайда орын алғанын көрсетеді.

Диск немесе диск науасы берілісті дұрыс орындамауда

Диск берілісті дұрыс орындамауда

Дисктер жиналымын алып тастап, келесілерді тексеріңіз:

- ☐ Дисктің зақымдалмағанын.
- ☐ Дисктің тым ескі емес екенін. Қосымша ақпаратты дискпен бірге келген нұсқаулардан қараңыз.
- ☐ Бұл дисктер жинақтауышта қызыл жолақтан аса толмағанын.
- ☐ Дисктерді дұрыс тасымалдамағандықтан дисктер бір-біріне жабысып қалған болуы мүмкін, сондықтан, дисктерді жинақтауышқа енгізуден бұрын оларды бір-бірінен жақсылап ажырату қажет. Сондай-ақ, жинақтауышта дискілерді ұзақ уақыт бойына сақтап қою дискілердің қайтадан бір-біріне жабысып қалуына себеп болуы мүмкін. Егер жинақтауыш дискілер ұзақ уақыт бойына тұрған болса, өнімді іске қосудан бұрын дискілерді қайтадан бір-бірінен ажыратыңыз.
- ☐ Дисктің өнімнің ішінде мыжылып қалмағанын. Егер мыжылып қалған болса, ол дискті шығарыңыз.
➔ 101-беттегі “Диск кептелістері” қараңыз.
- ☐ Сия картриджінің ауыстыру уақыты келмегенін. Егер картридждің ауыстыру уақыты келіп жеткен болса, оны ауыстырыңыз.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.

Егер диск енгізу жинақтауышының берілісінен қоректенбесе:

1. Диск қақпағын ашыңыз.
2. Жинақтауыштан бүтін дисктерді алып тастаңыз.
3. Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дисктер жиналымын желдетіңіз.
4. Дисктерді қайтадан жинақтауыштың ішіне енгізіңіз.
5. Диск қақпағын жабыңыз.
6. Дискті қайта жариялаңыз.

Егер диск жетек науасының немесе принтер науасынан беріліс алмаса:

1. Қуатты өшіріңіз.
2. Қуатты қайтадан қосыңыз.
3. Дискті қайта жариялаңыз.

Егер тұтқа дискті қапсырап алған болса:

Дискті қолмен шығаруға талпынбаңыз, тұтқа зақымдалып қалуы мүмкін. Дискті алып тастау үшін қуатты өшіріп, қайта қосыңыз, қайта қосу процесінде дисктің өздігінен шығуына мүмкіндік беріңіз.

Егер дәл сол қате қайта орын ала берсе, дилермен хабарласыңыз.

Көптік диск берілістері

- ☐ Диск жинақтаушының жинақтауыштағы қызыл жолақтың астына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- ☐ Дисктердің ешқайсысы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- ☐ Дисктер жинақталуын алып тастап, дисктердің тым жұқа емес екеніне көз жеткізіңіз.
➔ 117-беттегі “Дисктер” қараңыз.
- ☐ Жинақтауыштан дисктерді шығарып алып, кері енгізуден бұрын оларды желдетіп алыңыз.
- ☐ Көптік беріліс қатесі көрсетілген кезде тек бір диск табылса, диск қалыңдығы немесе иілімі стандарттан тыс болуы мүмкін. Көптік диск берілісінің қатесін жойып, дисктерді ауыстыру үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз: Егер дәл сол қате қайта орын ала берсе, дилермен хабарласыңыз.
 1. Диск қақпағын ашыңыз.
 2. Жинақтауыштан дискті алыңыз.
 3. Дисктерді енгізу жинақтауышынан алып тастаңыз.
 4. Басқа дисктерді енгізу жинақтауышына салыңыз.
 5. Диск қақпағын жапқаннан кейін жұмыс жалғасады.

Диск кептелістері

Егер жетек немесе принтер науасының ішінде диск қалып қалған болса, ол сіз өнімді өшіріп-қосқан кезде шығарылады.

Егер өнімді қайта іске қосу арқылы дискті шығара алмасаңыз, келесі рәсімдерді орындаңыз:

- ☐ Диск принтер науасында жабысып қалса:
 1. Өнімді өшіріп, қабырға розеткасынан қуат кабелін суырыңыз.
 2. Принтердің артқы қақпағын ашу үшін 2 бұранданы алып тастаңыз.
 3. Іштегі барлық дисктерді алып тастаңыз.
 4. Артқы принтер қақпағын жабыңыз.
- ☐ Егер диск жетек науасында жабысып қалған болса:

1. Өнімді өшіріп, қабырға розеткасынан қуат кабелін суырыңыз.
2. Диск қақпағын ашыңыз.
3. Науаны күштеп ашу үшін шығару саңылауының ішіне түйреуіш енгізіңіз.
4. Іштегі барлық дисктерді алып тастаңыз.
5. Науаны жабу үшін, итеріңіз.

Ескертпе:

Eject (Шығару) түймесін басу арқылы шықпаса, науаны шығару үшін саңылаудың ішіне түйреуіш енгізіп, оны басыңыз. Қалыпты жұмыс кезінде науаны шығару үшін Eject түймесін пайдалану қажет. Өнімнің қуаты өшірілгеніне көз жеткізіп, шығару саңылауына қол жеткізу алдында дисктің айналуы тоқтағанша бірнеше минут күте тұрыңыз.

Ескертпе:

- ❑ Егер бөгде заттарды алып тастау қиынға соғатын болса, ешбір жағдайда күш салмаңыз және өнімді бөлшектемеңіз. Көмек алу үшін дилеріңізбен хабарласыңыз.
- ❑ Дискті қапсыру кезінде тұтқа тоқтап қалған болса, дискті қолмен шығаруға талпынбаңыз. Ол тұтқаның зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Егер мұндай қате орын алса, қуатты өшіріп/қосып, мәселені өнімді қайта іске қосу арқылы шешуге тырысыңыз. Егер мәселе жалғаса берсе, клиентке қолдау көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Егер дисктеріңіз жиі-жиі кептеліп қала беретін болса, келесілерге көз жеткізіңіз:

- ❑ Дисктердің тегіс екеніне және зақымдалмағанына.
- ❑ Жоғары сападағы дисктерді қолданып жатқаныңызға.
- ❑ Жинақтауыштың ішінде дисктердің басып шығарылатын жақтарының жоғары қарап тұрғанына.
- ❑ Енгізілуден бұрын дисктер жиналымының желдетілгеніне.
- ❑ Дисктер жиналымының жинақтауышта қызыл жолақтан аса толмағанын.
- ❑ Жинақтауыштағы дисктердің саны сол диск үшін көрсетілген шектен аспайтынын.
➔ 125-беттегі “Механикалық” қараңыз.
- ❑ Өнімнің барлық бағыттардағы негізінен үлкен болатын жазық, қатты беткейде екеніне. Өнім еңкейтілген болса, ол дұрыс жұмыс істемейді.

Жазу/оқу қатесі

Дискке жазу/дисктен оқу мүмкін емес

Өнімді шаң мен түтін көп болған жерде пайдаланбаңыз. Олай жасау оқу/жазу қатесінің орын алуына себеп болуы мүмкін.

Егер дискті жазу/оқу қатесі жиі-жиі орын алса, келесілерді тексеріңіз:

- ☐ Дисктің зақымдалмағанын.
- ☐ Дисктің жоғары сапада екенін.
- ☐ Өнімнің ұйғарымды орта шарттарында пайдаланылатынын.
- ☐ Өнімнің дірілге немесе соққыға ұшырамайтынын.
- ☐ Желдеткіш сүзгісінде шаң толмағанын.
- ☐ Принтер науасының кір емес екенін.

Басып шығару сапасына байланысты ақаулар

Егер басып шығару сапасымен мәселе туындаса, оны төмендегі суреттермен салыстырыңыз: Сіздің басылымыңызға ең сәйкес келетін суреттің астындағы сипаттаманы басыңыз.

enthalten alle i Aufdruck. W J 5008 "Regel" Жақсы үлгі	 Жақсы үлгі
enthalten alle i Aufdruck. W J 5008 "Regel" 104-беттегі "Көлденең жолақтану"	enthalten alle i Aufdruck. W J 5008 "Regel" 104-беттегі "Тік бағытта ауытқу"

 104-беттегі “Көлденең жолақтану”	 104-беттегі “Тік бағытта ауытқу”
 105-беттегі “Қате немесе жоқ болған түстер”	 105-беттегі “Көмескіленген немесе айғыздалған басылым”

Көлденең жолақтану

- ☐ Жинақтауыштың ішінде дисктің басып шығарылатын жағының жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ☐ Барлық қоқыстанып қалған сия шүмектерін тазалау үшін head cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ 82-беттегі “Басып шығару басын тазалау” қараңыз.
- ☐ Бумаларды ашқаннан кейін сия картридждерін алты ай бойына пайдалануға болады.
- ☐ Epson-ның өзіндік шынайы картридждерін пайдаланыңыз.
- ☐ Δ сия шамын тексеріңіз. Егер шам жарығы қосулы болса, тиісті сия картриджін ауыстырыңыз.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.
- ☐ Принтер жетегінде таңдалған жапсырма түрінің өнімге енгізілген диск түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ 25-беттегі “Дискілерді жариялау” қараңыз.

Тік бағытта ауытқу

- ☐ Print head alignment утилитасын іске қосыңыз.
➔ 84-беттегі “Басып шығару басын туралау” қараңыз.

- ❑ Принтер жетегінде таңдалған жапсырма түрінің өнімге енгізілген диск түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ 25-беттегі “Дискілерді жариялау” қараңыз.

Жолақтану

- ❑ Жинақтауыштың ішінде дисктің басып шығарылатын жағының жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Барлық қоқыстанып қалған сия шүмектерін тазалау үшін head cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ 82-беттегі “Басып шығару басын тазалау” қараңыз.
- ❑ Принтер жетегінде таңдалған жапсырма түрінің өнімге енгізілген диск түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ 25-беттегі “Дискілерді жариялау” қараңыз.
- ❑ Дисктер сапасы әртүрлі болғандықтан, бірдей деректен біртипті дисктердің көмегімен басып шығару нәтижесі бірдей болмауы мүмкін.

Қате немесе жоқ болған түстер

- ❑ Қолданбаңыздағы түс параметрлерін немесе принтер жетегінің параметрлерін реттеңіз.
Негізгі терезені тексеріңіз.
Мәліметтерді принтер жетегінің Онлайн анықтамасынан қараңыз.
- ❑ Head cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ 82-беттегі “Басып шығару басын тазалау” қараңыз.
- ❑ ∆ сия шамын тексеріңіз. Егер шам жарығы қосулы болса, тиісті сия картриджін ауыстырыңыз.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.
- ❑ Егер сия картриджін енді ғана ауыстырған болсаңыз, қорапта көрсетілген мерзімнің бітпегеніне көз жеткізіңіз. Егер өнімді ұзақ уақыт бойына пайдаланбаған болсаңыз, сия картридждерін ауыстырыңыз.
➔ 76-беттегі “Сия картриджін ауыстыру” қараңыз.

Көмескіленген немесе айғыздалған басылым

- ❑ Epson-ның өзіндік шынайы картридждерін пайдаланыңыз.

- ❑ Өнімнің барлық бағыттардағы негізінен үлкен болатын тегіс, қатты беткейде екеніне көз жеткізіңіз. Өнім еңкейтілген болса, ол дұрыс жұмыс істемейді.
- ❑ Дискіңіздің зақымдалмағанына, кір емес және тым ескі емес екеніне көз жеткізіңіз.
- ❑ Дискіңіздің құрғақ екеніне және басылып шығарылатын жағы жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Принтер жетегінде таңдалған жапсырма түрінің өнімге енгізілген диск түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ 25-беттегі “Дискілерді жариялау” қараңыз.
- ❑ Дисктің басылып шығарылған жалтырақ жағын ұстамаңыз және ешкімнің қол тигізуіне рұқсат бермеңіз. Жалтырақ жағында басып шығарғаннан кейін ұстаудан бұрын сияны бірнеше сағат бойына қалдыра тұрыңыз.
- ❑ Head cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ 82-беттегі “Басып шығару басын тазалау” қараңыз.

Басқа басып шығару мәселелері

Қате немесе бұрмаланған таңбалар

- ❑ Windows спулерінде тұрған барлық басып шығару тапсырмаларын жойыңыз.
- ❑ Өнім мен компьютерді өшіріңіз. Өнімнің интерфейстік кабелінің тоқ көзіне нық жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Принтер жетегінің орнатылымын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ 24-беттегі “Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою” қараңыз.

Қате жиектер

- ❑ Қолданбаңыздағы Inner/Outer Diameter параметрлерін тексеріңіз. Жиектердің дисктің басып шығару аймағының аясында екеніне көз жеткізіңіз.
➔ 120-беттегі “Басып шығаруға болатын аймақ” қараңыз.
- ❑ Принтер жетегі параметрлерінің сіз пайдаланып жатқан жапсырмаға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Негізгі терезені тексеріңіз.
Мәліметтерді принтер жетегінің Онлайн анықтамасынан қараңыз.

- ❑ Принтер жетегінің орнатылымын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ 24-беттегі “Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою” қараңыз.
- ❑ Басып шығару орны пайдаланылған дискке байланысты ауысуы мүмкін. Басып шығару басын туралауды немесе басып шығару позициясын түзетуді орындаңыз.
➔ 85-беттегі “Басып шығару позициясын түзету” қараңыз.
- ❑ Сияның рецепторлық қабаты дисктің ортасынан жылжып кетуі мүмкін, мұндай жағдайда басып шығару орны да сияның рецепторлық қабатынан жылжиды. Сияның рецепторлық қабатының диск ортасынан немесе сыртқы жиектен жылжып-жылжымағанын тексеріңіз.

Басылым кішігірім еңіске ие

- ❑ Nozzle check, print head cleaning және print head alignment утилиталарын іске қосыңыз.

Басылып шығарылған жағы айғыздалған немесе үйкелген

- ❑ Принтер жетегінде тиісті диск көлемінің параметрін таңдаңыз.
- ❑ Принтер жетегінің орнатылымын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ 24-беттегі “Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою” қараңыз.

Басып шығару жылдамдығы тым баяу

- ❑ Принтер жетегінде таңдалған жапсырма түрінің өнімге енгізілген диск түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ 25-беттегі “Дискілерді жариялау” қараңыз.
- ❑ Барлық қажетсіз қолданбаларды жабыңыз.
- ❑ Принтер жетегінде High Speed құсбелгі ұяшығының белгіленгеніне көз жеткізіңіз.
- ❑ Егер сіз ұзақ уақыт бойына үзіліссіз басып шығара берсеңіз, дисктер берілісті немесе басып шығаруды уақытша тоқтатуы мүмкін. Бұл, басып шығару жылдамдығын баяулатып, өнім механизмін күйіп кетуден немесе зақымдалудан қорғау үшін жасалады. Егер мұндай жағдай орын алса, басып шығаруды жалғастыруыңызға болады, бірақ біз сізге басып шығаруды тоқтатып, өнімді қуаты қосулы күйде отыз минутқа қалдыруды ұсынамыз. (Бұл өнім қуаты өшірулі күйде 3 сағаттан кейін қалпына келеді.) Қайта іске қосқаннан кейін өнім қалыпты жылдамдықта жұмыс істейді.

- ❑ Принтер жетегінің орнатылымын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ 24-беттегі “Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою” қараңыз.

Сия жазу беткейіне жағылып қалады

- ❑ Диск түріне байланысты егер сия басып шығарудан кейін бірден жинақталған болса, сия жазу беткейлеріне жағылып қалуы мүмкін. Пайдаланудан бұрын дисктің түрінің сәйкестігіне көз жеткізіңіз.
- ❑ Басылып шығарылған дисктегі сия толық кепкенше, дисктің басып шығарылған бетін басқа дисктерден алыс ұстаңыз, әйтпесе дисктер тиген аймақтарда белгілер немесе дақтар қалуы мүмкін.

Өнім жұмыс істемейді

Барлық шам жарықтары өшірулі

- ❑ Өнімнің қосулы екеніне көз жеткізу үшін  Қуат түймесін басыңыз.
- ❑ Өнімді өшіріп, қуат кабелінің қуат көзіне нық қосылғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Розетканың жұмыс істейтініне және қабырға қосқышы немесе таймер тарапынан басқарылмайтынына көз жеткізіңіз.

Шам жарықтары қосылып, өшіп қалды

Өнім кернеуі розетка көрсеткішіне сәйкес келмеуі мүмкін. Өнімді өшіріп, дереу тоқ көзінен ажыратыңыз. Одан кейін өнімнің артындағы жапсырманы тексеріңіз.



Сақтандыру:

Егер кернеу сәйкес келмесе, ӨНІМНІҢІЗДІ РОЗЕТКАҒА ҚАЙТА ҚОСПАҢЫЗ. Дилермен хабарласыңыз.

Тек қуат жарығы қосулы

- ❑ Егер  Қуат кабелін жәй бассаңыз,  Қуат жарығы біршама уақыт бойына жыпықтаса да, өнім қосылмай қалуы мүмкін. Түймені қаттырақ басыңыз.
- ❑ Өнім мен компьютерді өшіріңіз. Өнімнің интерфейстік кабелінің тоқ көзіне нық жалғанғанына көз жеткізіңіз.

- ☐ Егер ірі көлемді кескінді басып шығаруға талпынып жатқан болсаңыз, компьютеріңіздің ол үшін жеткілікті шамада жадысы болмауы мүмкін. Кескіннің ажыратымдылығын азайтуға немесе кескінді кішірек көлемде басып шығаруға әрекеттеніңіз. Компьютерге көбірек жады орнату қажет болуы мүмкін.
- ☐ Принтер жетегінің орнатылымын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ 24-беттегі “Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою” қараңыз.

Сіз картриджді ауыстырғаннан кейін сия шамы жыпықтауда немесе қосулы

Сия картриджінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін емес

- ☐ USB кабелі суырылған ба? USB кабелінің дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- ☐ USB кабелі компьютер мен өнім талаптарына сай келеді ме? Компьютер мен өнімді жалғау үшін пайдаланылатын USB кабелі USB 2.0 үйлесімді болуы қажет.
- ☐ HDD дискісінде жеткілікті шамада бос орын бар ма? Егер HDD дискісінде жеткілікті шамада бос орын болмаса, бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін болмайды. 14-беттегі “Жүйе талаптары” бөлімін қараңыз.
- ☐ Windows жүйесіне (әкімші тобына жататын) әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы ретінде кірдіңіз бе? Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде (әкімші тобына жататын) әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы ретінде кіріңіз.
- ☐ USB концентраторын пайдаланудасыз ба? USB кабелі тікелей компьютер мен өнім арасында жалғанған болуы қажет.
- ☐ Windows Media Player орнатылған ба? Total Disc Maker орнатудан бұрын Windows Media Player орнатылған болуы қажет.
- ☐ Басып шығару құрылғысы Windows Media Player 7 қолданбасы бар ортада танылмауы мүмкін. Осы жағдайда, EPSON Total Disc Maker орнатылымын жойып, компьютерді қайта іске қосыңыз, одан кейін EPSON Total Disc Maker қайта орнатыңыз.
- ☐ Жүйенің тіл параметрі пайдаланушыдан өзгеше болса, орнату дұрыс орындалмауы мүмкін. Орнатудан бұрын жүйенің тіл параметрін орнатқаныңызға және пайдаланушының бір екеніне көз жеткізіңіз.

Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде алдымен өнімді өшіріп, содан кейін орнатуды бастаңыз.

Бағдарламалық жасақтама тарапынан "Сия жастықшасы толуға жақын" хабары көрсетіледі

Сия жастықшасы толуға жақын. Сия жастықшасы ауыстыру үшін Epson өкілетті қызмет көрсету орталығына барыңыз. Жастықша толуға жақын және ол толған кезде құрылғы жұмыс істеуді тоқтатады. Өнімге өз бетіңізбен техникалық қызмет көрсетуге талпынбаңыз.

Дискті жариялау мүмкін емес

Егер пайдаланушы жүйеге қонақ ретінде кіріп, қызметке қол жеткізе алмаса, жариялаудан бұрын терминалдық қызмет іске қосылған болуы қажет (Windows 10, Windows 8.1, Windows 8, Windows 7 немесе Windows Vista жүйесінен басқа). Терминалдық қызмет параметрлері жөнінде әкімшімен хабарласыңыз.

Диск ақпаратын оқу мүмкін емес

Егер "Диск ақпаратын оқу мүмкін болмаса, жүйеге әкімші өкілеттіктерімен кіруіңіз қажет" хабары көрсетілсе, Windows жүйесіне әкімші өкілеттіктерімен кіріңіз.

"Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу" белгішесін басқан кезде өнім жетегі көрсетілмейді

Windows Vista ортасында "Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу" белгішесін басқан кезде өнімнің жетегі көрсетілмейді. Компьютер өшірілгеннен кейін өнімді тоқ көзінен ажыратыңыз немесе өшіріңіз.

Көмек алу бойынша ақпарат

Тұтынушыға қолдау көрсету орталығына хабарласу

Epson орталығына хабарласпас бұрын

Epson өнімі тиісті жұмыс істемесе және өнім құжаттамасындағы ақауды жою туралы ақпарат арқылы мәселені шеше алмасаңыз, көмек сұрау үшін тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер сіздің аймағыңызға арналған тұтынушыға қолдау көрсету орталығы төменде берілмесе, өнімді сатып алған жердегі дилерге хабарласыңыз.

Тұтынушыға қолдау көрсету орталығына келесі ақпаратты берсеңіз, олар сізге жылдамырақ көмек көрсете алады:

- ☐ Өнімнің сериялық нөмірі
(Сериялық нөмір белгісі әдетте өнімнің артқы жағында болады.)
- ☐ Өнім үлгісі
- ☐ Өнім бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы
(**Туралы, Нұсқа ақпараты** тармағын немесе өнім бағдарламасындағы ұқсас түймені басыңыз.)
- ☐ Компьютеріңіздің бренді мен үлгісі
- ☐ Компьютеріңіздің операциялық жүйесінің атауы мен нұсқасы
- ☐ Әдетте өніміңізбен бірге пайдаланатын бағдарламалардың атаулары мен нұсқалары

ТМД елдеріндегі ресми өкіл

“EPSON CIS” ЖШҚ

Мекенжайы: Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер,
“Чайка Плаза” бизнес орталығы

Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>

электрондық пошта: info_CIS@epson.ru

EPSON EUROPE B.V. МӘСКЕУДЕГІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢСЕСІ

Мекенжайы: Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер,
“Чайка Плаза” бизнес орталығы


Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>


Өнім туралы ақпарат

Өнім бөлшектері және басқару панелінің функциялары

Өнім бөлшектері



- a. Сия картриджінің қақпағы. Сия картридждерін қорғайды. Сия картридждерін орнату немесе ауыстыру кезінде ғана ашыңыз.
- b. Басқару панелі: Өнімді басқару үшін, түймені пайдаланыңыз және шамдарды бақылаңыз. Мәліметтер үшін келесі бөлімді қараңыз.
- c. Диск қақпағы: Дисктерді жүктегенде және шығарғанда ашыңыз.
- d. Қуат түймесі: Өнімді қосады немесе өшіреді.




- e. AT кірісі: Қуат сымын қосыңыз.
- f. USB коннекторы: USB кабелін компьютеріңізден өнімге қосады.
- g. Интерфейс кабелін құлыптау ершік тірегі: Кабельді бағыттау және жинау үшін пайдаланыңыз.
- h. Желдеткіш саңылауы: Желдету үшін өнімнің артқы жағы мен қабырға арасында кем дегенде 10 см қашықтық қалдырыңыз.
- i. Артқы принтер қақпағы: Диск принтер науасында тұрып қалған кезде, осы қақпақты ашыңыз.




Сақтандыру:

Артқы принтер қақпағын ашпастан бұрын, қуат кабелін қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Осы қақпақты пайдаланғанда міндетті түрде тіркеңіз.



- j. Жетек: Дисктердің жазып алу бетіндегі деректерді жазады/оқиды.
- k. Тұтқа: Дисктерді тасымалдайды.
- l. 1-жинақтауыш: 1-жинақтауышты дискті енгізу жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 50 дискке дейін сақтайды.
- m. 2-жинақтауыш: 2-жинақтауышты дискті енгізу немесе шығару жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 50 диск шамасында сақтайды.
- n. 3-жинақтауыш: 3-жинақтауышты дискті шығару жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. Шамамен 20 диск ұстайды.
- o. Принтер: Дисктердің бетіне жапсырма басып шығарады.

Басқару тақтасы



Түймелер

Түйме	Функция
 Тазалау	Басып шығару басын тазалау үшін, 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Шам жарықтары

Шам жарығы	Сипаттама
 Қуат	Өнім жұмыс істеп тұрғанда қосулы болады. Сия картриджін ауыстырғаннан кейін, сияны толтырған соң немесе басып шығару басын тазалағаннан кейін өнім бастапқы күйіне орнатылған кезде жыпылықтайды.
BUSY	Жұмыстар орындалып жатқан кезде жыпылықтайды.
ERROR	Қақпақ ашық болғанда немесе диск тасымалдағышта, жинақтауышта, жетекте немесе принтерде қате орын алған кезде қосылады. Өнімге байланысты мәселе туған кезде жыпылықтайды.
 СИЯ	Сия картриджі ауыстыру уақытына жеткенде немесе дұрыс емес орнатылған кезде қосылады. Сия деңгейі төмен болған кезде жыпылықтайды.
 ЖИНАҚТАУЫШ	Жинақтауыш дисктермен артық жүктелген кезде қосылады. Жинақтауыш дұрыс орнатылмағанда немесе жинақтауыш дисктерден тыс болған кезде жыпылықтайды.

Қате күйі туралы ақпарат алу үшін, келесі нұсқауларды қараңыз.
➔ 91-беттегі “Қате индикаторлары” қараңыз.

Сия және диск

Сия картридждері

Осы өніммен келесі сия картридждерін пайдалана аласыз:

Сия картриджі	Өнім атауы	Өнім нөмірлері
Көгілдір	PJIC1(C)	C13S020447
Ашық көгілдір	PJIC2(LC)	C13S020448
Ашық қызылкүрең	PJIC3(LM)	C13S020449
Қызылкүрең	PJIC4(M)	C13S020450
Сары	PJIC5(Y)	C13S020451
Қара	PJIC6(K)	C13S020452

Discproducer сериясының эксклюзивті сия картриджін сатып алу үшін, сізге өнімді сатқан дилермен хабарласыңыз немесе келесі URL мекенжайларын қараңыз:

<http://www.epson-europe.com> (Еуропа)

<http://www.discproducer.epson.com> (АҚШ және Канада)

Дисктер

Epson барлық жазу және басып шығару қажеттіліктеріңіз үшін арнайы CD-R, DVD-R, BD-R дисктерін ұсынады.

Техникалық сипаттамалар

Дисктер



Сақтандыру:

- ❑ Жазылатын/басып шығарылатын дисктер 12 см өлшемді CD/DVD/BD дисктері болып табылады. 80 мм дисктерге қолдау көрсетілмейді
- ❑ BD дисктерін тек PP-50BD үлгісімен пайдалануға болады.

Ескертпе:

- ❑ Дисктің кейбір брендтері немесе түрі өндіруші тарапынан кез келген уақытта өзгеруі мүмкін болғандықтан Epson дисктің ешбір брендин немесе түрін куәландыра алмайды. Ірі мөлшерде сатып алудан немесе ірі тапсырмаларды орындаудан бұрын әрқашан диск үлгісін сынаңыз.
- ❑ Нашар сападағы дисктер басып шығару сапасын төмендетіп, диск кептелістерінің немесе басқа мәселелердің орын алуына себеп болуы мүмкін. Егер мәселелер туындаса, жоғарырақ дәрежедегі дискке ауысыңыз.
- ❑ Көрсетілген диск сия тозаңдату әдісімен жұмыс істейтін принтерлер үшін арналған.
- ❑ Көрсетілген дисктің затбелгі бетінде ылғалды жабысқақ сия рецепторының қабаты бар. Егер қатталған күйде, әсіресе жоғары ылғалдылық пен жоғары температура шарттарында сақталса, дисктер бір-біріне жабысқақтанып қалуы мүмкін. Автоматты көшіру машинасы пайдаланылған болса, дискті пайдаланудан бұрын тексеріңіз.
- ❑ Жазу беткейлерін (көкпен жасылмен боялған жағы) және басып шығару беткейіне оларда саусақ іздері, кір, шаң, су немесе жырық іздері қалмайтындай етіп күтіммен қараңыз. Жазу беткейіндегі шаң мен кірді ақырындап жұмсақ құрғақ шүберекпен, нарықта қолжетімді болған диск тазалағышымен немесе этил спиртімен сүрту қажет. Бензин, еріткіш немесе антистатикалық материалды пайдаланбаңыз.

CD/DVD/BD:

Түрі	CD-R/DVD-R 4,7GB/DVD+R 4,7GB/DVD-R DL 8,5GB/DVD+R DL 8,5GB/BD-R/BD-R DL
Затбелгі жағы	Басып шығаруға болады Көрсетілген диск түрінен басқа жалтырақ затбелгілерге қолдау көрсетілмейді.
Көрсетілген диск	CD-R, DVD-R, BD-R

Дисктермен жұмыс істеу бойынша ескертпелер

Дисктерді пайдалану бойынша ескертпелер

- ☐ Оларды ұстаған кезде жазу беткейіне тиіп кетпеңіз.
- ☐ Затбелгі беткейінде және жазу беткейінде саусақ іздері, кір, шаң, су тамшылары немесе жырық қалмайтындай етіп, абайлап ұстаңыз.
- ☐ Дисктерді құлатып немесе бір жерге соғып алмаңыз.
- ☐ Қысқышпен қыстыру немесе бүгу секілді артық күш салмаңыз.
- ☐ Дискке адгезивті жапсырма жабыстырмаңыз. Олай жасау дисктің жазбай немесе ойнамай қалуына себеп болуы мүмкін.
- ☐ Шаң және кір көп болған жерде пайдаланбаңыз.
- ☐ Егер жазу және басып шығару бөлек орындалса, басып шығарудан бұрын жазу ұсынылады.
- ☐ Дисктерді қатталған күйде қалдыру дисктердің бір-біріне жабысуына себеп болуы мүмкін.
- ☐ Басып шығарғаннан кейін дисктердің табиғи жолмен құрғауына мүмкіндік беріңіз. Басып шығарғаннан кейін дереу беткейді қолмен ұстау немесе беткейге су бүрку көмескіленуге және жабысқақтануға себеп болуы мүмкін.
- ☐ Басып шығаруды тек басып шығару беткейінде орындауға болады. Қолмен басып шығарған кезде фломастер секілді жұмсақ ұшты жазу құралын пайдаланыңыз, қаламсап қолданбаңыз. Сондай-ақ, басып шығарғаннан кейін өшірмеңіз.
- ☐ Автоматты жүктеу механизмімен, 33 мм шамасынан үлкенірек болған ұстау механизмі бар жетекпен және автоматты жетекпен пайдаланбаңыз. Пайдаланылған шарттарға байланысты басып шығару беткейлері жабысып қалуы мүмкін.
- ☐ Жарияланған CD/DVD/BD үйлесімсіздік себебінен басқа типтегі жетекте немесе ойнатқышта оқылмауы мүмкін.
- ☐ Жазу беткейі жинақтауыш сақинасы деп аталатын шоғырлас сақина проекциясына ие. Дискке байланысты жинақтауыш сақинасының проекциясы кішкентай және мұндай дискті пайдалану басып шығаруға дейін немесе одан кейін дисктің жабысып қалуына себеп болуы мүмкін. Дискті қолданыстан бұрын тексеру ұсынылады.

- ❑ Көрсетілген дисктердің затбелгі беткейінде ылғал-адгезивті сия қабылдайтын рецепторлық қабаты болады. Егер қатталған күйде, әсіресе жоғары ылғалдылық пен жоғары температура шарттарында сақталса, дисктер бір-біріне жабысқақтанып қалуы мүмкін. Автоматты көшіру машинасы пайдаланылған болса, дискті пайдаланудан бұрын тексеріңіз.

Дисктерді сақтау бойынша ескертпелер

- ❑ Күн сәулесі тікелей түсетін жерде, жылыту жабдығының жанында немесе жоғары ылғалдылықта және жоғары температурада сақтамаңыз.
- ❑ Ірі температуралық ауытқу орын алатын жерлерге қоймаңыз, конденсация туындауы мүмкін.
- ❑ Дисктің үстіне ешбір зат қоймаңыз.
- ❑ Сақтау кезінде дискті өз құндағында сақтаңыз, пленканың және карталардың басып шығару беткейіне тиіп кетуін болдырмаңыз. Олар басып шығару беткейін жырып кетуі мүмкін.
- ❑ Басып шығару беткейіне тікелей тиіп кетуі мүмкін болған жұмсақ құндақтар мен сөмкелерде дисктерді сақтамаңыз. Олар дисктердің жабысып қалуына, түстің көлеңкеленуіне немесе түссізденуіне себеп болуы мүмкін.
- ❑ Қапталған басып шығару беткейінің бөлігімен басып шығаруды болдырмаңыз, олай жасау бояудың қажетсіз жерге жағылып қалуына немесе түссізденуге себеп болуы мүмкін.
- ❑ Дерек маңызды болып табылса, резервтік сақтауды орындау ұсынылады. Егер ұзақ уақыт бойына сақтайтын болсаңыз жүйелік түрде резервтік сақтауларды орындағаныңыз ұсынылады.
- ❑ Басып шығару беткейінің көмескіленуіне және жабысқақтануына себеп бола алатын жоғары температураларда және жоғары ылғалдылықта сақтамаңыз.

Басып шығаруға болатын аймақ



Басып шығаруға болатын аймақ затбелгіні басып шығару үшін қолжетімді аймақ болып табылады.

Басып шығаруға болатын аймақты EPSON Total Disc Maker жасақтамасының Set Inner/Outer Diameter экранынан орнатуға болады.

Set Inner/Outer Diameter экранында Standard, Wide белгілеуге немесе қолмен орнатуға болады.

Келесі диаграмма Standard және Wide үшін басып шығаруға болатын аймақты көрсетеді. Басып шығару сұр аймақта орындалады.

CD/DVD/BD:

12-см CD/DVD/BD (Standard)		12-см CD/DVD/BD (Wide)	
			
Ішкі диаметр	Сыртқы диаметр	Ішкі диаметр	Сыртқы диаметр
45 мм	116 мм	25,5 мм	116 мм

**Сақтандыру:**

- ❑ Жоғарыда көрсетілген аймақтардың аясында ішкі диаметр мен сыртқы диаметрді орнатыңыз. Басып шығаруға болатын аймақтан тыс бөлімде басып шығару CD/DVD/BD жетегін зақымдауы мүмкін.
- ❑ EPSON Total Disc Maker жасақтамасын 18 мм ішкі диаметр мен 119,4 мм сыртқы диаметр арасында орнатуға болады. Алайда, басып шығаруға болатын аймақтан (45 - 116 мм) тыс жерде басып шығару жабысып қалуға, диск науасының тот басуына, басылымның қатпарлануына және басылымның көмескіленуіне әкелуі мүмкін. Пайдаланудан бұрын диск түрін тексеру ұсынылады.
- ❑ Дисктің басып шығаруға болатын аймағынан (сия сіңіретін қабаты) тыс басып шығару кезінде басып шығаруға болатын аймақтан тыс басылып шығарылған сия бекітілмейді. Басылып шығарылатын аймақты орнатудан бұрын дисктің басып шығару аймағының жапсырмасын тексеріңіз.
- ❑ Басып шығару аймағын орнату бойынша сақтандыру шаралары
 - Орнатылған басып шығару аймағының қолданыстағы дисктің басып шығаруға болатын аймағынан аспайтынына көз жеткізіңіз.
 - Қыр жағында (жинақтауыш сақинасында) басылымның түстелуінің біркелкі емес екеніне көз жеткізіңіз.
 - Қыр жағында (жинақтауыш сақинасында) басып шығару сияның жабысып қалуына, дисктің жабысып қалуына және басып шығарғаннан кейін сияның өшіп қалуына себеп болуы мүмкін.
- ❑ Басып шығару аймағының тысында басып шығару кезінде қолданылатын шаралар:
 - Ішкі диаметрде басып шығару сияның жабысуы, дисктің жабысуы және сияның өшіп қалуына алып келсе, оларды болдырмау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.
 - Принтер жетегінің принтер параметрлері экранында Drying Time орнатыңыз және басып шығарыңыз. Өткізу қабілеті төмендеуі мүмкін болса да, диск орнату уақытынан кейін шығарылатындықтан, мәселелер туындамайды немесе азаяды.
 - Mask Rib Area опциясын іске қосыңыз. Егер басқа қолданбадан басып шығаратын болсаңыз, принтер жетегіндегі пайдаланушы тарапынан анықталатын затбелгі параметрінен орнатыңыз. Егер Total Disc Maker жасақтамасынан басып шығаратын болсаңыз, Set Inner/Outer Diameter параметрінен орнатыңыз.

Ескертпе:

CD/DVD/BD басып шығаруға қолдау көрсететін және нарықта қолжетімді болған бағдарламалық жасақтама бумасымен CD/DVD/BD дискілерінде басып шығаратын болсаңыз, келесі параметрлерді орнатуыңыз қажет болады.

Өлшемі	124 x 124 мм
Түрі	CD/DVD затбелгісі, CD/DVD Premium затбелгісі немесе Epson тарапынан көрсетілген CD/DVD затбелгісі
Барлық жақтарындағы жиектер	2 мм

Сия картридждері

Түсі	Қара, сары, қызылкүрең, ашық қызылкүрең, көгілдір, ашық көгілдір
Картридждің жарамдылық мерзімі	Буманы ашқаннан кейін ең көп 6 ай пайдаланыңыз.
Температура	Сақталуы: -20 - 40 °C 1 ай 40 °C



Сақтандыру:

- ❑ *Epson түпнұсқа Epson сия картридждерін пайдалануды ұсынады. Epson тарапынан өндірілмеген басқа өнімдер Epson-ның кепілдіктері тарапынан қамтылмайтын ақаулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін және кейбір белгілі жағдайларда өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.*
- ❑ *Сия картриджін оның бумасында басылып шығарылған мерзім аяқталмай тұрып пайдаланыңыз.*
- ❑ *Сия картриджін қайта толтырмаңыз. Epson тарапынан өндірілмеген басқа өнімдер Epson кепілдіктері тарапынан қамтылмайтын ақаулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін және кейбір белгілі жағдайларда жұмыстың дұрыс орындалмауына әкелуі мүмкін.*

Ескертпе:

- ❑ *Сіздің өніміңізбен бірге қапталған сия картридждері бастапқы параметрлерді орнату кезінде жартылай қолданылған. Жоғары сапалы басылымдарды жасау үшін өніміңіздегі басып шығару басы толықтай сиямен толтырылған болуы қажет. Бұл бір жолғы процесс біршама сия жұмсайды, сондықтан бұл картридждер кейінгі сия картридждеріне қарағанда азырақ беттерді басып шығарады.*
- ❑ *Сия картридждерін жоғары немесе аязды температураларда және тікелей күн сәулесі түсетін жерде сақтамаңыз.*
- ❑ *Сіздегі басып шығару сапасының ең жоғарғы дәрежеде екеніне сенімді болу үшін және басып шығару басын қорғауға көмектесу үшін өнім картриджді ауыстыру қажеттігі көрсеткен кезде де картридждің ішінде өзгермелі мөлшерде сияның біршама резервтік шамасы қалады. Сізге келтірілген өнімдер мұндай резервті қамтымайды.*
- ❑ *Картридждің өнімділігі басылып шығарылған кескіндерге, басып шығару параметрлеріне, диск түріне, қолданыс жиілігіне және температураға байланысты өзгеріп отырады. Басып шығару сапасы үшін "картриджді ауыстырыңыз" индикаторы жанғаннан кейін сия картриджінде өзгермелі мөлшерде біршама сия қалады. Бұл өнім толық картридждермен жөнелтіледі және алғашқы картридждердің сиясының бір бөлігі принтерді толтыру үшін пайдаланылады. Картридждер туралы қосымша ақпаратты www.discproducer.epson.com мекенжайынан қараңыз.*
- ❑ *Black (Қара) таңдалған болса, басып шығару және басып шығару басының сапасын қолдау үшін жұмыс барысында барлық сия түстері қолданылады.*

Тапсырманы орындау

Тапсырманы орындау жылдамдығы (Жазу және басып шығару)	CD	15 диск/сағат EPSON тарапынан көрсетілген CD-R, 40x жетек жылдамдығын, 600 Мбит дерек және Speed/Bidirectional басып шығаруды пайдаланған кезде.
	DVD	8 диск/сағат EPSON тарапынан көрсетілген DVD-R, 12x жетек жылдамдығын, 3,8 Гбайт дерек және Speed/Bidirectional басып шығаруды пайдаланған кезде.
	BD (тек PP-50BD үшін)	3 диск/сағат EPSON тарапынан көрсетілген BD-R, 6x жетек жылдамдығын, 23,8 Гбайт дерек және Speed/Bidirectional басып шығаруды пайдаланған кезде.
Басып шығару бағыты	Екі бағытты, бір бағытты	

Ескертпе:

- ☐ Пайдаланылған диск немесе компьютерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан баяуырақ болуы мүмкін.
- ☐ Жоғарыдағы пішімдер Windows Vista жүйесіне негізделген.

Басып шығару

Басып шығару әдісі		Талап бойынша сияны тозаңдандыру	
Бастиек	Шүмектер саны	Әрбір түсте 180	
Ажыратымдылық		Басып шығару режимінің параметрі (Quality/Speed)	[1]: 1 440 x 1 440 нүкте/дюйм [2]: 1 440 x 720 нүкте/дюйм

нүкте/дюйм: әр 25,4 мм сайынғы нүктелер саны (әрбір дюймдегі нүктелер саны)

Жазу жылдамдығы

CD-R	40x / 32x / 24x / 16x / 10x / 4x
DVD-R	12x / 8x / 6x / 4x / 2,4x* ¹ / 2x
DVD+R	12x / 8x / 6x / 4x / 2,4x / 2x* ²
DVD-R DL	8x / 6x / 4x / 2,4x* ¹ / 2x
DVD+R DL	8x / 6x / 4x / 2,4x / 2x* ²
BD-R (тек PP-50BD үшін)	8x* ³ / 6x / 4x / 2x
BD-R DL (тек PP-50BD үшін)	8x* ³ / 6x / 4x / 2x

Ескертпе:

*1: DVD-R/DVD-R DL үшін 2,4x таңдасаңыз, жазу жылдамдығы 2x ретінде орнатылады.

*2: DVD+R/DVD+R DL үшін 2x таңдасаңыз, жазу жылдамдығы 2,4x ретінде орнатылады.

*3: 8x жазу жылдамдығын жүзеге асыру тек 8x жазу жылдамдығы үшін көрсетілген Epson BD қолданылған кезде мүмкін болады.

Механикалық

Жетек	Науаға жүктеу түрі
Жинақтауыш сыйымдылығы	1- және 2-жинақтауыш: Макс. шамамен 50 диск 3-жинақтауыш: Макс. шамамен 20 диск
Өлшемдер	Ені: 377 мм Тереңдігі: 465 мм Биіктігі: 324 мм
Салмағы	Қосалқы бөлшектермен шамамен 21 кг

Электрлік

Кіріс кернеу ауқымы		Айнымалы ток 100-240 В
Номиналды жиілік ауқымы		50-60 Гц
Номиналды ток		1,0 А
Тұтынылатын қуат	Жұмыс істеу	Шам. 40 Ватт
	Күту режимі	Шам. 28 Ватт

Ескертпе:

Кернеуді өнімнің артындағы затбелгіден қараңыз.

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Температура	Пайдалану: 10 - 35 °C (50 - 95 °F) Сақталуы: -20 - 40 °C (-4 - 104 °F) 1 ай 40 °C (104 °F)
Ылғалдылық	Операция:* ¹ 20 - 80% салыстырмалы ылғалдылық Сақталуы:* ¹ 5 - 85% салыстырмалы ылғалдылық

*1 Конденсациясыз

Стандарттар мен мақұлдаулар

PP-50/PP-50BD

North America:	UL60950-1 CAN/CSA-C22.2 No.60950-1 FCC Part 15 Subpart B Class A ICES-003 Class A
Europe:	CE Marking  http://www.epson.eu/conformity

PP-50

Oceania:	Radiocommunications (Electromagnetic Compatibility) Standard , Class A
-----------------	--

Интерфейс

Үйлесімділік	USB 2.0
Байланыс жылдамдығы	Жоғары жылдамдық (480 Мбит/с) Толық жылдамдық (12 Мбит/с)

Жарамдылық мерзімі

Сия көпшігінің жарамдылық мерзімі: Шамамен 30 000 диск басылып шығарылады

Сия көпшігін шамамен 30 000 дисктен кейін ауыстыру қажет деп саналады. Ай сайын 2 000 диск басып шығарғанға негізделген, екі бағытты. Нақты нәтижелер басылып шығарылған кескіндер, басып шығару параметрлері, ақпарат алмасу ортасы, қолданыс жиілігі және температура секілді факторларға байланысты түрленеді.